



ISSN 2788-659X



**NUR-SULTAN ARHIVI**  
MEMLEKETTİK MEКЕМЕ

# ARHIV HABARŞYSY

**1**  
**2022**



*СӨЗДІҢ ЕҢ ҰЛЫСЫ – ТАРИХ*

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

ISSN 2788-659X

# АРХИВ ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК,  
АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1/2022

2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығады

---

# ВЕСТНИК АРХИВА

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ,  
ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1/2022

Издается с 2021 года ежеквартально

Нұр-Сұлтан, 2022

**ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ:** «Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі

**ҒЫЛЫМИ ӘРІПТЕС:** Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресі

**Бас редакторы:** **М.Е. Бектембаев**, Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің директоры

**Бас редактордың орынбасары:** **Ғ.Т. Исахан**, Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

**Редакциялық кеңес төрағасы:** **Е.Б. Сыдықов**, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасының төрағасы

**Редакциялық кеңес мүшелері:**

- М.Қ. Қойгелдиев** ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
- Х.М. Әбжанов** ҚР ҰҒА академигі, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры
- Д. Қамзабекұлы** ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры
- Б. Ғ. Аяған** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары
- Т.Ә. Қышқашбаев** п.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
- З.Е. Қабылдинов** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры
- Г.К. Көкебаева** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының дүние жүзі тарихы бөлімінің меңгерушісі
- Г.А. Алпысбаева** т.ғ.д., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры
- Ф.Л. Гумаров** т.ғ.к., Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінің бөлім басшысы, «Гасырлар авазы – Эхо веков» журналының бас редакторы
- Е.В. Годовова** т.ғ.д., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының профессоры
- Г.Т. Мусабалина** МАНПО академигі, ҚР ЖҒҰА корреспондент-мүшесі, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры
- Т.Т. Аршабеков** Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік архиві директоры

Редакцияның мекенжайы:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитетінде 14.10.2020 тіркелген, тіркеу № KZ04VPY00027990

**УЧРЕДИТЕЛЬ:** Государственное учреждение «Государственный архив города Нур-Султан»

**НАУЧНЫЙ ПАРТНЕР:** Национальный конгресс историков Казахстана

**Главный редактор:** **Бектембаев М.Е.**, директор Государственного архива города Нур-Султан

**Зам. главного редактора:** **Исахан Г.Т.**, руководитель Научно-исследовательского отдела Государственного архива города Нур-Султан

**Председатель редакционного совета:** **Сыдыков Е.Б.**, д.и.н., профессор, академик НАН РК, председатель Национального конгресса историков Казахстана, ректор ЕНУ имени Л.Н. Гумилева

**Койгелдиев М. К.** академик НАН РК, директор научно-исследовательского центра «Айтылған тарих» КазНПУ им. Абая

**Абжанов Х.М.** академик НАН РК, директор Центра гуманитарных исследований «Рухани жаңғыру» Казахского национального аграрного университета

**Камзабекулы Д.** академик НАН РК, проректор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Аяган Б.Г.** д.и.н., профессор, заместитель директора Института истории государства МОН РК

**Кышкашбаев Т.А.** д.п.н., профессор, заслуженный деятель Казахстана

**Кабылдинов З.Е.** д.и.н., профессор, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК

**Кокебаева Г.К.** д.и.н., профессор, заведующая отделом всемирной истории Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МОН РК

**Алпысбаева Г.А.** д.и.н., профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

**Гумаров Ф.Л.** к.и.н., начальник отдела «Государственного архива Республики Татарстан», главный редактор журнала «Гасырлар авазы – Эхо веков»

**Годовова Е.В.** д.и.н., профессор кафедры истории России Оренбургского государственного педагогического университета

**Мусабалина Г.М.** академик МАНПО РФ, член-корреспондент НАЕН РК, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Аршабеков Т.Т.** директор Государственного архива Карагандинской области по научно-технической документации

Адрес редакции:

010000, г. Нур-Султан, Сарыаркинский р-н,  
ул. М. Ауезова, дом 3  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (вн. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz

Зарегистрирован Комитетом информации Министерства информации и общественного согласия  
Республики Казахстан от 14.10.2020 № KZ04VPY00027990

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

### ЗЕРТТЕУЛЕР. МАҚАЛАЛАР. ІЗДЕНІСТЕР

*ТАРИХ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ*

<i>Даркенов Қ.Ғ.</i> Ахмет Байтұрсынұлы: санадағы сілкініс немесе күрескердің қалыптасуы	6
<i>Мұсағалиева А.С.</i> Қазақстандағы халық көтерілістері және наразылықтар туралы (1929-1931 жж.)	12
<i>Тұрсын Х.</i> Соңғы баспалдақ: ҚК(б)П Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы Садықбек Сапарбеков саяси қуғын-сүргінге қалай ұшырады?	18
<i>Алпысбес М. А., Есқалиев С.А., Исахан Ғ.Т.</i> Халықтарды Қазақстанға жер аудару: Нұр-Сұлтан қаласы архивінің кейбір деректері	24
<i>Джиеналиев Е.К.</i> Процессы адаптации депортированных народов в Казахстан	30
<i>АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ</i>	
<i>Исалова А.</i> Алма-Атинский ликеро-водочный завод: из страны Советов в рыночный Казахстан	43
<i>Ибраева Д.М.</i> Ученые селекционеры Карагандинской сельскохозяйственной опытной станции по растениеводству	51
<i>Жылгелдинов М.</i> Казахстан и ООН: из истории сотрудничества	56
<i>Годовова Е.В.</i> Страницы повседневной жизни казачьих офицеров в пореформенной России	62
<i>Ахметова Б.Е. С.</i> Майқанованың «Ашаршылық» туралы қолжазбасы	68
<i>Сарбаев Д.Д., Ешмұратова Б.Ж.</i> Кеңес дәуірінің назарында болған Нұрпейіс Байғанин	70
<i>АРХИВ ІСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ІС ЖҮРГІЗУ</i>	
<i>Сугралина М.А.</i> Доступность архивных справок Государственного архива города Нур-Султан в онлайн режиме	73
<i>Алиев А.О.</i> Концепция, модели и методы создания единой информационной системы «Архивное дело» в Республике Узбекистан	82

### БИБЛИОГРАФИЯ және СЫН

<i>Ильясова К.М. В.И. Козодой.</i> «Алихан Букейханов: человек-эпоха». Пікір	96
<i>Махат Д.</i> Хатқа түсіп қатталған тарих	102

### АҚПАРАТ және ХРОНИКА

*ӘЛЕМ АРХИВТЕРІНЕН*

Нюрнбергтегі халықаралық әскери трибуналдың үкімі жарияланды	105
--	-----

*ОТАҢДЫҚ ЖӘНЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АРХИВТЕРДЕН*

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві 1921-1923 жылдардағы ашаршылық туралы құжаттар жинағын жарыққа шығарды	106
Архивтік аудиовизуальды құжаттар жинағының тұсаукесері өтті	108
Назарбаев зияткерлік мектептерінің архивариустарына сертификаттар табыс етілді	109
Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешевтің 140 жылдық мерейтойы аясында «Сейітқали Меңдешев. Құжаттары мен материалдар жинағы» атты кітаптің тұсаукесері өтті	110

ХҒТАР 03.01.09

Даркенов Құрманғали Ғазезұлы

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
k\_darkenov@mail.ru

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: САНАДАҒЫ СИЛКІНІС  
НЕМЕСЕ КҮРЕСКЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

---

**Аңдатпа.** Мақалада ұлы тұлға А. Байтұрсынұлының ұлт мүддесі жолындағы күрескерге айналуына қандай саяси-әлеуметтік факторлар әсер еткендігі ғылыми талдау арқылы қарастырылады. Автор халықаралық зерттеу әдістері негізінде салыстырмалы талдау жасай отырып, харизматикалық тұлға А. Байтұрсынұлы «үйренген әлсіздік синдромын» жеңуіне не әсер еткендігін көрсетеді. Сонымен қатар, Кеңес үкіметінің А. Байтұрсынұлы, А. Бөкейхан, М. Дулатұлы басқа да көрнекті қазақ зиялыларын шеттетуін, оларды қуғын-сүргінге салуын «үлкен кемелерді суға батыру» теориясы арқылы түсіндіреді.

**Түйін сөздер:** А. Байтұрсынұлы, когнитивті картаға түсіру, «үйренген әлсіздік синдромы», болыс сайлауы, Сібірге жер аудару, «үлкен кемелерді суға батыру».

---

Өткен ғасырдың басында ұлттық мүддені бірінші кезекке қойып, елдің сол кезеңдегі жағдайына шынайы бет бұрып, қызмет етуге бел байлаған қазақ азаматтарының тобы қалыптаса бастады. Ресейдің қазақ еліне дендеп ене бастаған отарлық саясатының мәнін түсініп, оған қарсы ішкі наразылықтары оянып, елдің өз ішіндегі талас тартыс пен патшалық биліктің зорлық зомбылығына қарсы не істеу қажет деген сұрақтарға жауап іздей бастады. Осы жылдары А. Байтұрсынұлының да дүниетанымында түбегейлі өзгеріс туды.

Халықаралық зерттеуде когнитивті картаға түсіру деп аталатын зерттеу әдісі бар [1, с. 79]. Кейде ол танымды карталау немесе танымды картаға түсіру деп те аталады. Осы зерттеу әдісіне

сүйенсек белгілі бір саяси оқиға, жағдай, процесс адамның танымына, күрделі өзгеріске түсуіне әсер етеді деп санайды. Мамандар кез келген адамның өмірінде позитивті немесе негативті ықпал ететін бір бұрылысқа себеп болатын оқиғалар болады. Осы жай оның келешегіне ықпал етеді дейді.

Осыған қатысты бірнеше мысалдар келтіруге болады. 1962-1979 жж. Оңтүстік Кореяның президенті Пак Чон Хи болды [2]. Генерал Пак Чон Хидің Америкада (Охлакома штаты) тағылымдамадан өтуі [3], АҚШ экономикасы мен халқының тұрмыс жағдайын көруі, оның ғана емес, Оңтүстік Кореяның да келешегіне әсер етті. Пак Чон Хидің дүниетанымына АҚШ-ты көруі әсер етті.

Сонымен қатар, 1959-1990 жылдары Сингапурдің премьер-министрі Ли Куан Ю болды [4]. Оның голландық Альберт Винсемиуспен кездесуі өзіне, Сингапурдің келешегіне ықпал етті [5].

Ал, Ахмет Байтұрсынұлына тоқталсақ, он үштегі бала Ахметтің дүниетанымындағы өзгеріске, санадағы сілкініске, саяси-әлеуметтік факторлар әсер еткені белгілі. Бірақ, А. Байтұрсынұлының дүниетанымындағы сілкініске, ұлттық мүдде жолындағы күрескер ретінде қалыптасуына, енді ғана он үшке қадам басып, оң-солын тани бастаған баланың санасына 1885 жылғы болыстық сайлауда Ахметтің әкесі Байтұрсын және оның бауырлары Ақтас пен Сабалақтың ояз Я.П. Яковлевті ұрып, содан Сібірге сотталуы ерекше әсер еткен болуы керек.

Оған ретімен тоқталайық. Қазіргі уақытта Алматы қаласында Ахметтің әкесі Байтұрсынның туған ағасы Ақтастың немересі Амандық тұрады. Амандық Ақтастың үлкені Шаймарденнің баласы. Осы оқиғаға қатысты Амандықтың айтуы бойынша, Торғай уезінің Тосын болысында болыстық сайлауға түскен Ақтас та болыстық орынға үміткер болады. Еті тірі Ақтас ел ішінде беделді, көпке сыйлы, ешкімге есесін жібермейтін өткір кісі болса керек.

Сайлау өткізу жиынында Байтұрсын Торғай уезінің бастығы Я.П. Яковлевтен «сайлаудың ешкімге бұрмай әділ өтуін» талап етеді [6]. Ал, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып менменсінген Яковлев болса, дала қазағының қойған талабына шамданып, Байтұрсынды балағаттап, тілдейді. Ағасын тілдеп, балағаттағанға шыдамаған қызба мінезді, шапшаң Сабалақ, шын есімі Данияр топтың ішінен атымен тебініп шығып, қамшымен ояз Яковлевті тартып-тартып жібереді. Осы арада дүрбелең туады. Бұрын соңды патшалық Ресейдің шенді басшысына қамшы сілтеп ұру түгілі, қарсы сөз айту да кездеспеген еді. Басы жарылған ояз казактарға сол арада Ақтасты, Байтұрсынды, Сабалақты ұстатып, түрмеге жабады. Торғай жерінде ғана емес, жалпы қазақ арасында патша шенеунігіне қол көтеру болмағандықтан, бұл ел ішін дүр сілкіндіреді. Билікте қазақтар арасында бәсең де болса туып келе жатқан қарсылықтың алдын алу үшін бүлікшілерді қатаң жазалау мақсатын ұстанады. Арада шамалы уақыт өткен соң, сот үкімі шығып, 1886 жылы ағайынды Ақтас, Байтұрсын, Сабалақ үшеуін 15 жылға Сібірге айдауға жібереді. Осы оқиға болғанда Ахаң 12-13 шамасында болатын. Жақсы жаманды түсініп, қалыптасып келе жатқан балаға аталған оқиға қатты әсер еткен болуы керек. Кейін А. Байтұрсынұлының «Анама» атты өлеңіндегі:

... Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... деген жолдар осы оқиғаға байланысты туды. Жас баланың жүрегіне осы жай мәңгі сақталып, жара салып қана қойған жоқ, оған терең ой салды [7].

Осы арада айта кететін жай, біз 1825 жылғы Ресейдегі декабристер қозғалысы жөнінде айтқанда, олардың әйелдерінің Сібірге бірге барғанына ерекше тоқталамыз. Осындай жағдай қазақ даласында да болғанын айтып өткеніміз абзал. Сот үкімі шыққаннан кейін, сотталғандармен бірге Ақтастың бәйбішесі Үбіжан күйеуі мен қайныларына еріп, сонау Колымадағы лагерге бірге барған.

Осы арада айта кететін тағы бір жай, ер мінезді, өткір Үбіжан анамыз 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, Дулығалы мешітінде өткен жиында хан сайланған

Әбдіғапар Жанбосынұлының нағашы әжесі. Торғай елінде кең тараған көне құлақтардан жеткен әңгімелерде Әбдіғапардың анасы Алуаның өте ақылды, парасатты, етек жеңі кең, қолы ашық кісі болғандығы жөнінде айтылады. Осы елдегі «Алуа» деп аталатын елді мекеннің атауы да осы кісі есімімен байланысты.

Тағдырдың жазуы болар, қызба мінезді Сабалақ жолда солдаттардың оғынан өледі, Байтұрсынның ағасы Ақтастың жары Үбіжан бірнеше жылдан кейін Якутияда ауырып, қайтыс болып, сүйегі сонда қалды.

Қолымада он жеті жыл отырып, ағайынды екеуі 1902 жылы елге оралады. Алыс сапардан Ақтас пен Байтұрсын Торғайға оралғанда олардың ерлігін әлі есіне сақтаған, жыр қылып айтатын елі қошеметпен қарсы алып, құрмет көрсетеді. Торғай елі ғана емес іргелес, көрші Қостанай, Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда көлеміне сыйлы болған Ахаңның әкесі Байтұрсын 1909 жылы дүниеден өтеді. Өмірден біраз қиындық пен бейнет көрген анасы Күнше (Күнші) араға он жыл салып 1919 жылы, Ақтас сексенге келіп 1920 жылы қайтыс болады.

Міне, өз отбасымен туыстарының басынан өткен осы оқиға мен ел жағдайы оның азаматтық позициясы мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті. Оң-солын тани бастаған А. Байтұрсынұлы елге қызмет ету мұратын ұстанды.

Екіншіден, оның алған білімі, орыс-қазақ тілдерін еркін білуі, Қазақстанның өз ішінде ғана емес, қазіргі Ресей қалаларында білім алып, қызмет етуі, тұруы, ел ішіндегі жағдайды өз көзімен көруі оның ел жайын ойлауына, халық тағдырына бет бұруына әкелді. Оның ұлт мұраты жолындағы қайраткерлік қызметінің қалыптасуына негіз қалады.

Аталған ойымызды тереңдету үшін, осы арада Ахаңның өмір жолына сәл тоқталып өтсек, А. Байтұрсынұлы қазақтың ұлы ағатушысы Ы. Алтынсарин негізін қалаған, Торғай елінен шыққан зиялылар білім алған, Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1891 жылы бітіреді. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895 жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі.

1896-1901 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызметте болды [8]. 1902-1904 жылдары Омбыда Торғай облысы Халықтық училище директорының іс жүргізуші лауазымын атқарады. Осы жылдары өз халқының санасын ояту мақсатында, жақсы мен жаманды, әділдік пен зұлымдықты, сан тараулы қайшылықты сипаттаған И. Крыловтың мысалдарын қазақы ойлау мен танымға бейімдеп аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

Шамасы, халық тұрмысына жақын мысалдар арқылы, А. Байтұрсынұлы ел өміріне ықпал етуге қадам жасаған секілді. Бір жағынан қазақ оқығандарына Крылов мысалдары таныс болатын. А. Байтұрсынұлына дейін алғаш рет Ы. Алтынсарин И. Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын, ал Абай «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден» шығармаларын аударған болатын. А. Байтұрсынұлы аударған әрбір мысал қазақ өмірімен астасып, қазақ танымына сіңісіп кетті. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалындағы:

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,

Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,

Тартады аққу көкке, шаян кейін

Жұлқиды суға қарай шортан шіркін – деген [9] өлең жолдары арқылы сол кезеңдегі ел ішіндегі жікке бөлініп жан-жаққа тартқылаған алауыздықты, бір-бірімен алысып тартысқан билік-тегілерді сипаттады.

Ұлы Абайдың «Құлағын салмас, Тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім» деп налыған, өкінішке толы өлең жолдарымен астасып жатыр емес пе. Одан әрі аталған мысал өлең арқылы аққу, шортан, шаян болып жан жаққа тартқыламай бір-бірінді жақын тұтып, бір болыңдар дегенді

айтқысы келгендей. Осы орайда Абайдың «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесен, істің бәрі бос» [10] деген идеясымен үндесіп кеткендей. Идея, көзқарас сабақтастығы мен үндестігі осы болар.

А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі қайраткерлік қадамға ұласты. Ол елдің әлеуметтік мәселесін көзімен көре отырып ағартушылық тәсілмен ықпал етуді мұрат тұтты, қоғамның эволюциялық жолмен дамуына мүдделі болды. Қоғамдағы жағдайдан тыс қалмай, тек оны сырттан бақылаушы немесе оған инертті қатысушы болмай, ел өміріне белсенді қатысып, өз шығармаларына арқау етті.

Ғылымда кең қолданылатын бинарлы талдау әдісі бар. Бұл басталу нүктесі бір немесе жақын екі немесе одан да көп оқиғалар мен үдерістердің ұқсастықтарына, даму барысына және өзгеріс траекториясына талдау жасайды. Қазақ қоғамындағы аққу, шаян, шортан болып жан жаққа тартқылаған ахуал А. Байтұрсынов өмір сүрген жылдарда өзекті болса, қазіргі уақытта да өз маңызын жойған жоқ. Сондықтан да болар, ұлт бірлігі мен тұтастығы, жағымсыз әдет, қалыптасқан келеңсіз жағдайды сынау белгілі бір уақыт аралығында ғана емес, әр кезеңде басты тақырыпқа айналды. Ұлы Абай, А. Байтұрсынов басқа да қазақ зиялылары өз шығармаларында ел ішіндегі жағымсыз жайларды аяусыз сынға алды.

Қолданбалы психология мен саясаттану ғылымында «үйренген әлсіздіктің синдромы» (синдром выученной беспомощности) деген термин бар [11]. «Үйренген әлсіздік» деген синдром – адамның өзінің өмірін жақсартуға ешқандай әрекет жасамайтын жағдай. Неге «үйренген» деп аталады? Өйткені ешбір адам туғанда өз өмірін жақсарту үшін қиындықтармен күреспен керек деген идеямен тумайды. Қиындықтармен күресу ол әр адамға тән қасиет. Адам стресспен қатты дағдарысқа ұшырағаннан кейін күреспен жолын таңдайды. Өмірден қайта-қайта таяқ жеп, тағдырдың тауқыметін көргеннен кейін адам екі қолын түсіріп, өзінің күшіне деген сенімін жоғалтады. Бәріне көнеді. Адам өз басындағы жағдайға үйреніп қалады, қолын, еңсесін түсіреді, жақсыға қарай сапалық өзгеріс жасай алатынына сенбейді.

Бірақ, олардың ішінен ерік-жігері мықты, харизмасы күшті жандар ғана еңсесін түсірмейді, күрес жолынан бас тартпайды, өзгеріс жасау үмітінен бас тартпайды. А. Байтұрсынұлы да осындай тұлға еді. Халыққа білім беру, ағартушылық жолы арқылы әсер етуге тырысты. Өз халқына білім беру жолын таңдай отырып, орыстың танымал тұлғаларының халық арасында кең таралған шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы, оны қазақ өміріне бейімдеді. Түсінікті, қабылдауға жеңіл тілмен жеткізді. Аярлықты, екі жүзділік пен қулықты, бос мақтан мен дарақылықты сынады. Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев аударған И. Крыловтың «Қарға мен түлкі» мысалын да аударып оған қазақы өң, сипат береді.

Қарасақ, көп адамдар Түлкі боп жүр,  
Залымдық өтірік пен мүлкі боп жүр.  
Солардың сұмдығына түсінбеген  
Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі боп жүр.  
Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,  
Далада кең сахара көшіп - қонып.  
Алдаған залымдардың тіліне еріп,  
Жүрмесек жарар еді мазақ болып – деген [12] өлең жолдары бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Сонымен қатар, сол жылдары елдің азып-тозып, рухани құлдырап бара жатқанын көзімен көрген Ахмет Байтұрсынұлы өз ой пікірін, көзқарасын жұмбақтап, түспалдап жеткізеді, кейде ашық айтады. Мысалы,

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі.  
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі  
Нашарды талай адам талап жеп жүр

Бөріден артық дейміз оның ісі – дейді. Өз еліне, халқына өз билігі мен күшін пайдаланып зорлық көрсетіп талап, тонап жүрген, қасқырдан бетер адамдардың бар екендігін тұспалдап жеткізді.

Патша өкіметінің отарлау саясатының қазақ халқының хал-ахуалын әбден төмендетіп, шымбайына батқанын көре білген Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Жиған-терген» атты өлеңінде:

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді оянып,

Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сиқың! – деп қалың елі қазағының хал-ахуалын толғана жыр етті [13].

Міне, жоғарыда келтірілген өлең жолдары А. Байтұрсынұлының ағартушылық, азаматтық, қайраткерлік тұлғасының қалыптасқандығын оның ел мұраты, келешегі үшін белін бекем бұғандығын көрсетеді [14]. Бұл ұлтын сүйген, ұлтына қызмет етуді мұрат тұтқан тұлғаның үлкен істерге жасаған қадамының бір кезеңі еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Боришполец К.П. Методы политических исследований. Учеб.пособие. М.: Аспект Пресс, 2010. – 230 с.: Когнитивное картирование в исследованиях политических ситуаций и процессов. <http://politics.ellib.org.ua/pages-1504.html>

2 «Пак Чон Хи. Через диктатуру к «корейскому чуду» <https://was.media/2022-05-09-pak-chon-hi-cherez-diktaturu-k-korejskomu-chudu/> (қаралған күні: 01.06.2022)

3 Пак Чон Хи <https://vikent.ru/author/2815/> (қаралған күні: 01.06.2022)

4 Сингапурское чудо. Ли Куан Ю: Как построить страну без коррупции и плевков на землю. <https://meritokrat.org/blogpost4885> (қаралған күні: 01.06.2022)

5 Генерал золотого карьера. (часть 3). <https://politconservatism.ru/articles/general-zolotogo-karera-chast-3> (қаралған күні: 01.06.2022)

6 Әнесұлы Ж. А. Байтұрсыновтың туыстары – өткен тарихтың куәгерлері. 4 ақпан 2017 ж. <http://qasym.kz/zhumat-anesuly-abajtursynovtyn-tuystary-otken-tarihtyn-kuagerleri/>

7 Байтұрсынұлы А. Анама хат. <http://bilim-all.kz/olen/147-Anama-hat>

8 Алиева Б., Жауымбаев С.Ұ. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. <https://e-history.kz/kz/contents/view/2403>

9 Байтұрсынұлы А. Аққу, шортан һәм шаян. <http://kazbilim.kz/?p=2186>

10 Құнанбаев А. Сегіз аяқ. <https://sites.google.com/site/abai1845/-le-der/segiz-aak>

11 Синдром выученной беспомощности. <https://izumrudnyjgorod.wordpress.com>

12 Байтұрсынұлы А. Қарға мен түлкі. [http://bilimdiler.kz/oyin\\_sayk/olender/438-karga-men-tulki.html](http://bilimdiler.kz/oyin_sayk/olender/438-karga-men-tulki.html)

13 Ахмет Байтұрсынов – балалар әдебиетіндегі ірі тұлға. Міржақып Дулатов шығармаларындағы ағартушылық бағыт. <https://baribar.kz/student/16536/akhmet-baytursynov-balalar-adebietindegi-iri-tulgha-mirzhaqurdulatov-shygharmalaryndaghy-aghartushylyq-baghyt/>

14 Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары хақында бір сөз. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/42807/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/)

#### Даркенов Құрманғали Газезович

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, профессор кафедры регионоведения, к. и. н.*

#### АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ПРОРЫВ В СОЗНАНИИ ИЛИ ФОРМИРОВАНИЕ БОРЦА

**Аннотация.** В статье рассматривается научный анализ того, какие политико-социальные факторы повлияли на превращение великого человека А. Байтұрсынова в борца за интересы нации. Автор, проводя сравнительный анализ на основе международных методов исследования, показывает, что повлияло на победу харизматической личности А.

Байтұрсынова над «синдромом выученной слабости». Кроме того, отстранение советской властью А. Байтұрсынұлы, А. Букейхана, М. Дулатұлы от других видных казахских интеллектуалов, их репрессии объясняются теорией «утопления больших кораблей».

**Ключевые слова.** А. Байтұрсынов, когнитивные картирование, «синдром приобретенной слабости», волостные выборы, ссылка в Сибирь, «утопление больших кораблей»

**Darkenov Kurmangaly Gazezuly**

L. N. Gumilyov Eurasian National University, professor of the Department of Regional Studies,  
Candidate of Historical Sciences

**AKHMET BAITURSYNULY: BREAKTHROUGH IN CONSCIOUSNESS OR THE FORMATION OF A WRESTLER**

**Abstract.** The article examines the scientific analysis of what political and social factors influenced the transformation of the great man A. Baitursynov into a fighter for the interests of the nation. The author, conducting a comparative analysis based on international research methods, shows what influenced the victory of A. Baitursynov's charismatic personality over the «learned weakness syndrome». In addition, the removal by the Soviet government of A. Baitursynuly, A. Bukeikhan, M. Dulatuly from other prominent Kazakh intellectuals, their repression is explained by the theory of «drowning of big kings».

**Keywords:** A. Baitursynov, cognitive mapping, «acquired weakness syndrome», volost elections, exile to Siberia, «drowning of big ships».

**References**

- 1 Borishpolec K.P. Metody politicheskikh issledovaniy. Ucheb.posobie. M.: Aspekt Press, 2010. – 230 s.: Kognitivnoe kartirovanie v issledovaniyah politicheskikh situacij i processov. <http://politics.ellib.org.ua/pages-1504.html>
- 2 «Pak CHon Hi. CHerez diktaturu k «korejskomu chudu» <https://was.media/2022-05-09-pak-chon-hi-cherez-diktaturu-k-korejskomu-chudu/> (қаралған күні: 01.06.2022)
- 3 Pak CHon Hi <https://vikent.ru/author/2815/> (қаралған күні: 01.06.2022)
- 4 Singapurskoe chudo. Li Kuan YU: Kak postroit' stranu bez korrupcii i plevkov na zemlyu. <https://meritokrat.org/blogpost4885> (қаралған күні: 01.06.2022)
- 5 General zolotogo kar'era. (chast' 3). <https://politconservatism.ru/articles/general-zolotogo-karera-chast-3> (қаралған күні: 01.06.2022)
- 6 Әнесұлы ЗН. А. Байтұрсынұлының туыстары – өткен тарихтың куәгерлері. 4ақпан 2017ж. <http://qasym.kz/zhumat-anesuly-abaitursynovtyn-tuystary-otken-tarihtyn-kuagerleri/>
- 7 Байтұрсынұлы А. Аname hat. <http://bilim-all.kz/olen/147-Anama-hat>
- 8 Alieva B., ZHauymbaev S.Y. Ahmet Байтұрсынұлының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. <https://e-history.kz/kz/contents/view/2403>
- 9 Байтұрсынұлы А. Аққу, shortan һәм shayan. <http://kazbilim.kz/?p=2186>
- 10 Құнанбаев А. Segiz ayak. <https://sites.google.com/site/abai1845/-le-der/segiz-aak>
- 11 Sindrom vyuchennoj bespomoshchnosti. <https://izumrudnyjgorod.wordpress.com>
- 12 Байтұрсынұлы А. Қарға мен тұлкі. [http://bilimdiler.kz/oyin\\_sayk/olender/438-karga-men-tulki.html](http://bilimdiler.kz/oyin_sayk/olender/438-karga-men-tulki.html)
- 13 Ahmet Байтұрсынұлы - balalar әdebietindegi iri тұлға. Mirzhaqyp Dulatov shyғarmalaryndaғы ағартушылық барыт. <https://baribar.kz/student/16536/akhmet-baytursynov-balalar-adebietindegi-iri-tulgha-mirzhaqyp-dulatov-shygharmalaryndaghy-aghartushylyq-baghyt/>
- 14 Ahmet Байтұрсынұлының mysaldary haқында bir сөз. [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/42807/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/42807/)

Мұсағалиева Арайлым Сәбитқызы

Тарих ғылымдарының докторы,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің профессоры  
e-mail: arai0410@mail.ru

*Мақала ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және оңалту үдерістері: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «бірыңғай деректер базасын құру» жобасын іске асыру шеңберінде орындалды.*

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ ЖӘНЕ НАРАЗЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ (1929-1931 ЖЖ.)

---

**Аңдатпа.** Мақалада 1929-1931 жылдардағы Қазақстанда болған халық көтерілістері мен наразылықтар туралы қарастырылады. Тарихнамада Қазақстандық, Ресейлік және шетелдік тарихшылардың еңбектері талданды. Мәселені зерттеуде, алдымен көтерілістердің себептері, сипаты және ұрандарына назар аударылады. Оның ішінде, қазақ халқы үшін ауыр соққан ет дайындаулар, сонымен қатар, көтерілістердің бүкілхалықтық немесе жаппай көтерілуі және көпұлттық сипаты аңғарылады. Көтерілістердің қайнар көзін түсіну үшін архив құжаттарынан ұрандар көрсетіледі. Осы мәселені зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде көтерілістер саны мен қатысушылар құрамына ерекше назар аударылады. Көтерілістерді басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сонымен қатар осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін сот және соттан тыс органдардың саяси репрессияларына ұшыраған құрбандар жеке берілген. Мақалада ҚР Президенті Архиві, ҚР ҰҚК арнайы архивтері деректерінің үлкен бөлігі қолданылды. Көптеген деректер жаңа, әлі ғылыми айналымға енгізілмеген.

**Түйін сөздер:** Халық көтерілістері, наразылықтар, ет дайындау, архив құжаттары, «бандитизм», босқындар.

---

Құзырлы органдар құжаттарында осы жылдардағы көтерілістерді халықтық немесе жаппай бас көтерулер деп атайды. Белгілі тарихшы Талас Омарбеков және басқа да көптеген ғалымдар еңбектерінде жаңа архив құжаттарына сүйене отырып, 1929-1931 жж. халық көтерілістері және наразылықтар деп атады [1, с.55]. Бұл атау бұрынғы кеңестік тарих ғылымында қалыптасқан қатаң қағидалардан арылу үшін жасалды, атап айтсақ, көтерілістерге белгілі бір әлеуметтік топтар ғана қатысқан жоқ. Көтерілістерде қазақ қоғамының барлық мүшелері қатысты: кедейлерден байларға дейін, шаруалардан кулактарға дейін, бұрынғы қызыл партизандардан ақ гвардияшылдарға дейін, сонымен қатар, мұсылман діни басшылары да қатысты. Халық наразылықтарын большевиктік үкімет репрессивті әрекеттер жүргізуге қолданды. Мәселен,

11 Қызылтулы кавалериялық дивизия әскери комиссары және командирі Н.Ф. Евсеев БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Ф. Голощекинге жазған баяндамасында атап өткен болатын: «...тұтас аудандарда қазақ халқының наразы қауымы молдалардың, ишандардың, байлар мен атқамінерлердің өлшеусіз әсеріне түсіп кеткен және халықтың саяси санасыздығы арқасында ру басқарушылары бастаған Кеңес үкіметін құлату мен Қазақстанда Қазақ хандығын құруды мақсат етіп қойған бандылар қатарына ұйымдасты» [2, 38 п.]. Бұл мәселе көтерілісшілердің «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Қазақ хандығы құрылсын!», «Мал дайындау жойылсын!», «Мұсылман діні үшін өлеміз!» деген ұрандарында айтылды.

Қазақстандағы көтерілістер көпұлтты болды. Мәселен, шекаралық аймақтарда бұрынғы ақ гвардияшылар, кейбір жерлерде бұрынғы қызыл партизандардан құрылған топтар болды. Сонымен қатар, қазақтар мен жергілікті ұйғырлар, қалмақтар, тараншылар жекелеген топтар құрып, көтерілістерге қатысқан болатын.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1920 жылдардың соңында қазақтың дәстүрлі шаруашылығының күйретілуі алапат қасіретке алып келді. Осыған байланысты большевиктерге қарсы кең көлемдегі наразылықтар басталды.

Қазақстандағы 1929-1931 жж. көтерілістердің басты себебі Кеңес өкіметінің жүргізген «ет дайындау», «мал дайындау», «астық дайындау» сияқты экономикалық реформалар болып табылды. 1931-1932 жж. Қазақстан бойынша «ет дайындау» жоспары 255,5 мың тоннаны құрады, бұл Украинамен салыстырғанда 1,5 есе, Солтүстік-Кавказ және Батыс-Сібір аймақтарынан 2,5 есе көп еді. Расымен де Қазақстанда мал көп болды, бірақ осындай жоспарлар өте негізсіз болатын [3, с.98]. Мәселен, Абыралы ауданына ауылдардан ет жинау 9 айға 3 378 тоннаның орнына 8 796 тонна етіп бекітілді [4, 19 п.]. Дегенмен, ғылыми ортада әлі күнге дейін көтерілістердің терең себептері анықталмады. Халық таптық күреске, бай мен кедей деп бөлініске (қазақтарға буржуазия мен жұмысшы деген бөлініс сай келмеді), құдайсыздыққа, дінге қойған тыйым салуға қарсы шықты. Осы жылдарда, яғни 1930 жылдың 11 ақпанында БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің кулактарды тап ретінде жою туралы шешімі шыққан болатын [5]. Сондықтан да, Ресей архивтері құжаттарында осы жылдардағы көтерілістерге кулактардың контрреволюциялық көтерілістері [6, с.520-521] деген атау береді. Бір сөзбен айтқанда, халықтың өмір сүру құқығы, жеке меншікке құқығы, табиғи құқығы сақталмады.

Біздің маңызды міндеттеріміздің бірі көтерілістерді басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сонымен қатар осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін қуғынға ұшыраған құрбандарды іздеу және табу болып табылады. Алдымен, көтеріліске қатысқан адамдардың санын есептеу маңызды. 1992 жылғы Комиссияның қорытындысында 1929-1931 жж. Қазақстанда 372 көтеріліс орын алғанын, оған 80 мың адам қатысқаны туралы айтылған болатын [7].

2020 жылы Мемлекеттік комиссия құрылғанға дейін тарихшылар белгілі және ірі көтерілістерді зерттеді, көптеген орта және ұсақ көтерілістер назардан тыс қалды. Сондықтан да әлі күнге дейін осы көтерілістердің қатысушыларының жалпы саны белгісіз болып келді. Облыстардағы кавалериялық дивизиядан Ф. Голощекинге келіп түскен баяндамада тек ғана молдалар қозғалысы, олардың құрған қазақ ұлттық армиясында 25 мыңнан астам сарбаздары болғаны айтылады [8, 39 п.]. Сарбаздардың басты құрамы 10 000 адам Қарақұм шөлдерінде, кейбірі Қарақұмның солтүстігі мен оңтүстігіне орналасты, аз бір бөлігі Алматы округінде болды.

Зерттеулер нәтижелері көтерілістер санын одан сайын көбейтті. Олар, «елден ауа көшушілер мен босқындар басқарған бас көтерулер» еді. Большевиктер шетелдерге ауа көшкен барлық босқындарды бас көтерулерді ұйымдастырушылар деп атады. Большевиктер көшпелілердің әлеуметтік құрылымына қол сұққан сайын, босқындар қатары көбейе берді. 1930 жылдардың басында ол өзінің шегіне жетті [9, с.202]. Шетелге ауа көшуге байланысты наразылықтар Семей, Алматы, Маңғыстау облыстарында болып өтті.

Тек 1929-1931 жж. Қазақстандағы 194 топтар немесе ауа көшушілерді алып өту топтары болды, оған 5468 адам қатысты [10, 172 л]. Сонымен, барлығын қосқанда 566 көтерілістер мен бас көтерулер болды. Бұл соңғы статистика емес, әлі де анықталады деп ойлаймыз. Қазіргі кезде осы көтерілістерге қатысқан адамдардың жеке істерін архивтерден тауып отырмыз. Байқағанымыздай, көпшілігіне айып атүсті қойылған, қарусыз адамдар да көп болды. Көтерілістерге қатысушылардың саны көбейді, себебі қазіргі статистика негізгі ірі көтерілістерге қатысқандар болып табылады.

Осы топтардың мүшелері ОГПУ-дің назарында қалып отырды. Босқындар туралы құжаттарда былай айтылды: «ауа көшу кезінде босқындар өздері жеке қаруланған отрядтар ұйымдастырды, олар шекаралық күзетке ұстау кезінде белсенді қарсылық көрсетеді» [11, с.212]. Бірақ, шын мәнінде, босқындарда қару аз болды, тек өздерін тонаудан құтқаратын қарулар, көбінесе жай аңшы мылтықтары болды.

Мәселен, Маңғыстау ауданында барлық босқындарды Кеңес өкіметіне қарсы деп жариялады. ОГПУ оған барлық халықты ендірі, «ру басшылары ауа көшушілерді Кеңес өкіметінің қол астынан алып кету үшін ұйымдастырды» деп айыптады [12, 46 п.]. Шын мәнінде, халық шарасыздықтан босқындарға айналды. Олардың артынан күшпен басу үшін комотрядтар жіберілді. Осылайша, қазақ халқының мәжбүрлі босқыншылығы еш дәйексіз бас көтерулер деп сипатталды.

Айта кету керек, көптеген көтерілісшілер сотсыз және тергеусіз ұрыс алаңдарында қаза тапты. Олардың санына жету қиын, біз ҰҚҚ арнайы архиві мен ҚР Президенті архиві деректері бойынша есептеп көрдік.

Мәселен, 32 ірі және белгілі көтерілістерге 35604 адам, 12890 шаруашылық қатысқан, оның ішінде шамамен 3539 адам шайқастар кезінде, 23 адам түрмеде қайтыс болады. 6448 қамауға алынып, 1099 ату жазасына кесілді. Бірақ бұл толық статистика емес, кейбір кезде өлгендерді көтерілісшілер алып кеткен, ал ауа көшушілердің арасында өлген адамдар есептелмеген.

Сотсыз және тергеусіз атылғандар ішінде көтеріліс басшылары да бар. Соның бірі, Шығыс Қазақстанда көтеріліске шыққан бұрынғы коммунист, қызыл партизан Федор Толстоухов. Ақмырза ишан көтерілісінде және Шұбартау, Ырғыз, Маңғыстау көтерілістерінде де сотсыз, тергеусіз көп адамдар атылды. Ақмырза ишанның өзі, оның қолдаушысы Бекділда Досымов, Шұбартау көтерілісінің басшысы Мұқан Сергозин, Ырғыз көтерілісінің басшысы Айжаркен Қанаев, Маңғыстаудағы көтеріліс басшысы Мырзағали Тыныбаев және басқалар да шабуыл кезінде өлгендер қатарында еді.

ОГПУ әскерлері көтерілістерді басуда көп адамды өлтірді. Мысалы, Созақ көтерілісін басуда Қызыл Армияның тұрақты жасағы қолданылды, 2000 адамдай ұрыс даласында қаза тапты. Қарақұм көтерілісінде басшылары Лаубаев, Қобылановтар және 482 адам ұрыс даласында өлді. Маңғыстауда көтерілісшілерге қарсы тұрақты армия және теңіз флоты жіберілді, 340-тан астам адам қаза тапты, бірақ бұл тек ресми ақпарат, қаншама ауа көшушілер далада өлді. Шығыс Қазақстандағы Федор Толстоухов көтерілісінде 300 адам ұрыс даласында өлді. Абыралы көтерілісінде Семей кавалериялық дивизиясының жедел отряды ұрыс даласында 37 адамды атты.

Көтерілістер ең көп болған уақыт – 1931 жыл. Осы жылы Гурьев, Ақтөбе, Алматы, Семей, Қарағанды, Шымкент 52 көтерілісте 1380 адам түгел ұрыс даласында қаза тапты. Мәселен, тек қана Алматы облысында ұшақпен бомбалау кезінде ауа көшіп бара жатқан бейбіт тұрғындардан 140 шаруашылық, 800 адам өлтірілді [13, 164 п.]. 1931 жылдың тек қараша айының өзінде Семей, Арал, Ақтөбе, Алматы облыстарында болған 12 көтерілісте 27 адам ұрыс далаларында өлді.

Осылайша, зерттеулер арқылы сотсыз және тергеусіз қаза тапқандардың саны анықтала бастады.

ОГПУ-дің анықтамасында көрсетілгендей, осы жылдарда ауылдар мен деревняларда келесі шаралар жүргізілді: саны 2 001 топтар мен ұйымдар жойылды; 9 906 қатысушылар мен шаруашылық саяси науқандарына байланысты 10 396 жеке тұлғалар өлтірілді [14, 173 п.]. Бұл құжатқа шекаралық аймақтарда босқындар топтары туралы мәліметтер енгізілмеген. 1929 ж. шекарада 1 382 адам, 1930 жылы 2 873 адам ұсталды [15, 123 п.]. Ауа көшушілердің санын анықтау қиын, бірақ алдағы уақытта есептейтін боламыз.

Жергілікті жерлерде осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін көптеген адамдар қамауға алынды. Мәселен, Адай уезі бойынша көтерілістерді жою үдерісі кезінде қамауға алу еш талғаусыз жүргізілді, мәселен, ешқандай материалдарсыз 128 адам қамауға алынды, оларды 1931 жылдың қазанына дейін түрмеде ұстады [16, 60 п.]. ОГПУ мәліметі бойынша, «қозғалысты жою тарату линиясы бойынша жүрді, бір бөлігі жойылды, бір бөлігі Түрікменстанға қашты, ал үлкен бөлігі ауа көшушілерімен бірге қайтып келді немесе Үстіртте қалды» [17, 63 п.].

Осылайша, 1929-1931 жылдардағы большевиктердің экономикалық қысымына шыдай алмаған, мал-мүлкінен айырылған, өз елінен жер ауып, босқынға айналған халық көтерілістер мен наразылықтар мүшелері ретінде қатаң жазалауларға ұшырады.

Оларды ақтау үдерісі қалай жүрді? Көтерілістерге қатысушылар 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58, 59 баптары бойынша сотталды. 58 баппен сотталғандардың біразы 1980 жылдардың аяғында ақталды, 59 баппен сотталғандар мүлдем ақталмады.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін соттық және соттан тыс репрессияларға құрбандар кірмей қалған. Қудаланған адамдардың отбасы мүшелері, балалары туралы да ештеңе айтылмаған, олар да Кеңес өкіметі кезінде қудаланған еді. Анықтап көрсетейік. Аталған Заңның 6 бабында: «...мына төмендегі жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды: а) ...қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне; тіміскілік, терроризм актісі, бүлдіру әрекеттеріне қатысу; в) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа күштеу әрекеттеріне қатысу» деп көрсетілген [18].

Сондықтан да, халықтың мүддесін қорғайтын жаңа Заң керек деп ойлаймыз. Кеңес өкіметі құлады, сталинизмді айыптайтын уақытқа жеттік. Заң құрбандарды толық ақтай алмады, керісінше кейбір категориялар ақталмай қалды, нақты айтқанда, ақтау мәселесін толық шеше алмады. ҚР Президенті Қ. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» деген мақаласында айтқанындай: «Біздің аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды».

Жаңа Заң саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық категорияларын ақтау қажет. Халық көтерілістерінде қарапайым адамдар саяси құқықтары мен діні, ділі үшін күресті. Оларды саяси және заңдық тұрғыдан ақтау керек. Қорыта айтқанда, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесі тұр, жұмысымызды әрі қарай жалғастыруымыз керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1 Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.). Хрестоматия. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 203 с. С.55

2 ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2953-іс. 38-п.

3 Синицын Ф.Л. Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917-1991. Москва: Центрполиграф, 2019. 318 с. С.98

4 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Арнайы Мемлекеттік архиві (ҚР ҰҚК АМА). 9-қ. 1-т. 495-іс. 19-п.

5 Заключение комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан по изучению нормативных правовых актов приведших к голоду во время коллективизации // Казахстанская правда. 1992. 22 декабря

6 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД. 1918-1939. Документы и материалы. В 4-х т. / Т.3. 1930-1934 гг. Кн. 2. 1932-1934 гг. / Под ред. А. Береловича, [В. Данилова]. Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2005. 840 с. С.520-521

7 Заключение комиссии Президиума Верховного Совета РК // Казахстанская правда. 22 декабря. 1992 г.

8 ҚР Президентінің архиві (ҚР РА). 141-қ. 1-т. 2953-іс. 39-п.

9 Киндлер Р. Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане. М., 2018. 382 с. С.202

10 ҚР ҰҚК АМА. Ф.9. Оп.1. Д.495. Л.172

11 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Том 3. Конец 1930-1933. Москва: РОССПЭН, 2001. 1008 с. С.212

12 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 485-іс. 46-п.

13 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 488-іс. 164-п.

14 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 173-п.

15 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 123-п.

16 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 60-п.

17 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 63-п.

18 [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200_)

### Мусағалиева Арайлым Сабитовна

*доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева*

О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.)

**Аннотация.** В статье рассматривается история народных восстаний и протестов в Казахстане (1929-1931 гг.). В историографии были проанализированы труды казахстанских, российских и зарубежных историков. При изучении вопроса, в первую очередь, уделено внимание на причины, характер и лозунги восстаний. В том числе, непосильные скотозаготовки для казахского населения, а также как характер восстаний отмечается народность или массовость, а также многонациональность. Приводятся лозунги из архивных документов, для понятия истоков восстаний. Особое внимание обращается на численность восстаний и количество участников как один из ключевых моментов при изучении этой проблемы. Отдельно показаны жертвы политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления восстаний, а также подвергнутых репрессиям внесудебными и судебными органами за участие и поддержку этих восстаний. В статье использован большой массив архивных документов, таких как Архив Президента РК, СГА КНБ РК. Многие источники новые, еще не введенные в научный оборот.

**Ключевые слова:** Народные восстания, протесты, скотозаготовки, архивные документы, «бандитизм», беженцы.

Статья выполнена в рамках реализации проекта «Массовые политические репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных» Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова.

### Musagalieva Arailym Sabitovna

*Doctor of Historical Sciences, Professor of Eurasian National University after L.N. Gumilyov*

ABOUT POPULAR UPRISINGS AND PROTESTS IN KAZAKHSTAN (1929-1931)

**Abstract.** The article examines the history of popular uprisings and protests in Kazakhstan (1929-1931). The works of Kazakh, Russian and foreign historians were analyzed in historiography. When studying the issue, first of all, attention is paid to the causes, nature and slogans of the uprisings. In particular, the unbearable slaughter for the Kazakh population, as well as the nature of the uprisings, nationality or mass character, as well as multi-nationality is noted. Slogans from archival documents are given for the concept of the origins of the uprisings. Particular attention is paid to the number of uprisings and the number

of participants as one of the key points in the study of this problem. Separately, the victims of political repression are shown, shot without trial during the suppression of uprisings, as well as subjected to repression by extrajudicial and judicial authorities for participating in and supporting these uprisings. The article uses a large array of archival documents, such as the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, the special government archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan. Many sources are new, not yet introduced into scientific circulation.

**Keywords:** Popular uprisings, protests, slaughter, archival documents, «banditry», refugees.

The article was carried out within the framework of the project «Mass political repressions in Kazakhstan in the 20-50s of the 20th century and rehabilitation processes: creation of a unified database» of the Institute of History and Ethnology after Ch. Valikhanov.

## References

- 1 Omarbekov T. Golodomor v Kazahstane: prichiny, masshtaby i itogi (1930-1933 gg.). Hrestomatiya. – Almaty: «Қазақ университети», 2011. – 203 s. S.55
- 2 ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2953-іс. 38-п.
- 3 Sinicyн F.L. Sovetskoe gosudarstvo i kochevniki. Istoriya, politika, naselenie. 1917-1991. Moskva: Centrpoligraf, 2019. 318 s. S.98
- 4 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Арнайы Мемлекеттік архиви (ҚР ҰҚК АМА). 9-қ. 1-т. 495-іс. 19-п.
- 5 Zaklyucheniya komissii Prezidiuma Verhovnogo Soveta Respubliki Kazahstan po izucheniyu normativnyh pravovyh aktov privedshih k golodu vo vremya kollektivizatsii // Kazahstanskaya pravda. 1992. 22 dekabrya
- 6 Sovetskaya derevnya glazami VCHK-OGPU-NKVD. 1918-1939. Dokumenty i materialy. V 4-h t. / T.3. 1930-1934 gg. Kn. 2. 1932-1934 gg. / Pod red. A. Berelovicha, [V. Danilova]. Moskva: «Rossijskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN), 2005. 840 s. S.520-521
- 7 Zaklyuchenii komissii Prezidiuma Verhovnogo Soveta RK // Kazahstanskaya pravda. 22 dekabr'. 1992 g.
- 8 ҚР Президентінің архиви (ҚР РА). 141-қ. 1-т. 2953-іс. 39-п.
- 9 Kindler P. Stalinskie kochevniki: Vlast' i golod v Kazahstane. M., 2018. 382 s. S.202
- 10 ҚР ҰҚК АМА. F.9. Оп.1. D.495. L.172
- 11 Tragediya sovetsoj derevni. Kollektivizatsiya i raskulachivanie. Dokumenty i materialy. Tom 3. Konec 1930-1933. Moskva: ROSSPEN, 2001. 1008 s. S.212
- 12 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 485-іс. 46-п.
- 13 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 488-іс. 164-п.
- 14 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 173-п.
- 15 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 123-п.
- 16 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 60-п.
- 17 ҚР ҰҚК АМА. 9-қ. 1-т. 495-іс. 63-п.
- 18 [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200_)

СОҢҒЫ БАСПАЛДАҚ: ҚК(Б)П БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ ХАТШЫСЫ  
САДЫҚБЕК САПАРБЕКОВ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҚАЛАЙ ҰШЫРАДЫ?

Қазақ елі ықылым заманнан бері небір қиын кезеңді бастан өткізді. Соның ішінде қазаққа тартқан сыйы мен қасіреті тең түскен XX ғасырдың орны ерекше. Ең бастысы осы ғасырда мыңдаған жылдар бойы мызғымаған көшпелі өркениеттің төлтумасы қазақтың дәстүрлі қоғамы күйреді. Осы тарихи үдерісте қоғам өзгерді, заман өзгерді, сонымен бірге адам да өзгерді. Қоғам – социализмге бет бұрды, заман – өндіріске бағыт алды, адам – ғылым мен білімге ұмтылды. Бұндай күрделі өзгерістерді қоғамның модернизациялануы деп атайды. Ал кез-келген модернизациядан ұлттың ұтатыны да бар, жоғалтатыны да аз емес. Асау мінезді тарпаң ғасырда тапқанымыздың ең бастысы ер байлығы болса, жоғалтқанымыздың да ең бастысының бірі осы ер байлығы – ұлттың дегдарлары, бекзаттары, қазіргі саяси тілмен айтсақ ұлттың элитасы екен. Еліміздің жаңару кезеңі жүздеген, мыңдаған тұлғаларды өмірге әкелді. Заманның ауыр жүгіне арқасын тосып, қоғамның ашкөз саясатының өңешіне тоғытылған сондай элиталық тұлғалардың бірі – Садықбек Сапарбеков болатын. 1902 жылы Сыр бойында дүниеге келіп, Түркістан Республикасының орталығы Ташкент қаласында комсомал жетекшісі болып басталған оның өмір өткелдері мен қызмет сатыларының соңғы баспалдағы Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметі болды.

Садықбек Сапарбеков Ақжайық өңіріне қызметке келгенге дейін Сырдария, Ақмола губерниялық партия комитеттерінде партиялық ұйымдар бөлімінің меңгерушісі, Қазақ Өлкелік комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Ақмола округінде, Қарсақпай, Қызылорда аудандық комитеттерінде бірінші хатшы, Семей облысында хатшы болып қызмет баспалдақтарынан өткен болатын. 1935 жылдың қазан айынан 1936 жылдың қаңтары аралығында Қазақ Өлкелік кәсіподағы Кеңесінің төрағасы, 1936 жылдың қаңтар-мамыр аралығында Қарағанды облыстық партия комитетінің ІІ хатшысы болып қызмет істеді. 1936 жылдың мамыр айында ҚК(Б)П Гурьев округтік комитетінің бірінші хатшылығына, бір жылдан соң – 1937 ж. 15 мамырында ҚК(Б)П Орал қалалық партия комитетінің пленумында бірінші хатшылыққа ұсынылған С. Сапарбеков бірауыздан сайланады.

Осы пленумнан бір апта бұрын ҚК(Б)П Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюро мәжілісінде (7 мамыр, 1937 ж. хаттама №40) «І. Құрамысов (Құрамысов Измұқан Мұқашұлы (1896-1938) – 1937 ж. маусымынан Жеңіл өнеркәсіп халкомының бірінші орынбасары, тамыз айынан ҚКСР Мемлекеттік Жоспарлау комитетінің төрағасының орынбасары ҚК(Б)П ОК мүшесі. 25 ақпан 1938 ж. ату жазасына кесілген) бірінші хатшы қызметінен босатылып, облыстық партия конференциясында есепті баяндама жасаған соң Өлкелік комитеттің қарауына жіберілсін, бірінші хатшы міндетін атқарушы болып, С. Сапарбеков бекітілсін» деген шешім қабылданды. Гурьев округтік комитетінің бірінші хатшысы қызметіне С. Сапарбековтың орнына Н. Нұрсейтов бекітіледі.

Гурьев округтік комитетіндегі қызметі жөнінде осы 1937 жылдың 15-19 ақпанында өткен Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің ІІ пленумында сөйлегендер Сапарбековтің көпшілікпен жұмыс істеу тәсілі жөнінде «Сапарбеков Мақат немесе Қосшағыл кәсіпшілігіне барып баяндама жасайды. Халық оның баяндамасын ұйып тыңдайды. Олардың арасында сұрақ-жауаптар, пікір алысулар болады. Бұл

әріне, сөзсіз, құптарлық шара, бірақ біздегі шараларды Сапарбеков пен Орымбаевқа ғана жүктеп қарап отыруға болмайды, басқа да адамдарды дайындауымыз керек» деп жылы лебіз білдіреді.

Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығының жайы облыстық партия комитетінің жіті назарында болды. Бұл кезде колхозшылардан астық өнімдерін әкімшілік жолмен тартып алу тоқтатылып, астықты мемлекетке сатып алу жолымен жинау тетігі орныға бастаған. Қолда бар астығын мемлекетке сатуға мүмкіндік алған колхозшылар өнімді молайтуға құлшына бастады. Осы іске партиялық басшылықтың мәнісі – сатып алынатын астық мөлшерін жоспарластыру және оны іске асыру, соған қатысты ұйымдастыру, жабдықтау шараларын қамтитын. Батыс Қазақстан облысы сол кезде 19 аудан (Гурьев, Жылықосай, Есбол, Маңғыстау, Теңіз, Бөрілі, Жәнібек, Жанқала, Жымпиты, Каменский, Қаратөбе, Лбешинский, Приуральский, Тайпак, Теректі, Қазталовка, Орда, Шыңғырлау) және Гурьев округі мен Орал қаласынан құралды. 1937 жылы 16 тамызында Обком мен облатком төралқасы аудандардан жиналатын астықты Приуральский – 170, Каменский – 160 мың, Теректі – 150 мың, Бөрілі – 88 мың, Шыңғырлау – 120 мың, Лбешинский – 10 мың, Қазталов – 15 мың, Жымпиты – 10 мың пұт мөлшерінде бекіткен екен. Бұл деректер С. Сапарбековтың қызмет саласының бірі ғана. Алда өңірдің халық шаруашылығын дамыту, елдің әл-ауқатын көтеруде көптеген міндеттер күтіп тұрды. Бірақ бүкіл елді қамтыған саяси қуғын-сүргіннің қуатты толқыны ол міндеттерді іске асыруға уақыт қалдырмады.

1937 жылы 10-11 қыркүйегінде өткен облыстық партия ұйымының екінші пленумында С. Сапарбеков «ҚК(б)П Орталық комитетінің екінші пленумының қорытындылары және партия ұйымдарының міндеттері туралы» баяндама жасайды. Бұл пленум Орталықтан түскен таптық қырағылықты күшейту, халық жауларын әшкерелеу тапсырмаларының жергілікті ұйымдарда атқарылуына арналғандықтан баяндама және жарыс сөздерде ауыл шаруашылығы мен өндірістегі орын алған кемшіліктердің шынайы себебін іздеудің орнына оған жауапты қызметкерлерді айыптау сарыны белең алды. Пленумдағы С. Сапарбеков: «В нашей области мы имеем много алашординцев, белогвардейцев, ссыльных. Наличие такого количества горючего материалы антисоветских элементов требует усилить революционную бдительность наших партийных, комсомольских организации, рабочих, колхозников» деген сөздері негізсіз емес еді. 1918-1919 жж. Жымпитыда (қазіргі Сырым ауданы - Х.Т.) құрылған Алашорда үкіметі Батыс бөлімінің қызмет істеуі, Орал казактарының «ақтар қозғалысына» (белое движение) белсене қатысуы, оның үстіне 1928-1931 жж Орал округіне Сырдария округінен және басқа да жерлерден кәмпескеленген байлар мен мал-мүлкі тәркіленген бай-қулақтар, саяси құқығынан айрылған мыңдаған адамдардың жер аударылуы барысында қалыптасқан әлеуметтік топ шын мәнінде Кеңес өкіметіне, оның күні кеше жол берген басыздықтарына наразы ғана емес, жан-тәнімен қарсылық білдіретін үлкен әлеуметтік күш болатын.

Осы пленумда әшкереленген халық жаулары ретінде Орымбаев, Нұрсейтов (Нұрсейтов Нұрғали Нұрсейтұлы (1903-1937) – 1937 ж. мамырынан Гурьев округкомының бірінші хатшысы, 1937 ж. қарашасында ату жазасына кесілген), Серікбаевтар (Серікбаев Есқайыр (1900-1938) - Гурьев қаласында туған. 1935 жылдың ақпанынан Қаратөбе, кейіннен Жанқала аупарткомының хатшысы. 12.09.38 жылы тұтқындалып, 1938 жылы ақпанда атылған) және Обком комсомолдың бірінші хатшысы Қожахметовтер пленум мүшелігінен босатылып, партия қатарынан шығарылады.

«Правда» газетінде жарық көрген К. Пуховтың мақаласы ҚК(б)П Орталық Комитетінің тамыз айында өткен партия активі жиналысының қорытындысы бойынша жазылып, Республика басшылары Л. Мирзоян, Ұ. Құлымбетов, С. Есқараев, С. Нұрпеисов және Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж. Садуақасовтардың атына қатаң партиялық сын айтылды. Мақаланың түйіні «Қазақстандағы өзара сынның осындай жағдайы басшылыққа араласып кеткен жауларды әшкерелеуге кедергі келтіруде» деп түйінделген. Мақала жарық көрген уақытта Л. Мирзоян мақта жинау науқанына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысында іс-сапарда жүрген болатын. Мақаланы шамшылдықпен қабылдаған Мирзоян Мәскеуге жіберуге дайындаған жеделхатында «Пухов кем дегенде 70 пайызға өтірік айтады, өйткені оның көптеген дәйектері шындыққа сай келмейді» деп жазды. Ол автордың шынайылығына қатысты 29 қыркүйек күнгі Пуховтың мақаласын талқылаған ҚК(б)П ОК бюро мәжілісінде

«мақаланың 70 пайызы өтірік» деп мәлімдеп, онда көтерілген мәселелерге айқындық береді. Дегенмен, Орталық Комитетінің баспасөз органы ретінде «Правда» газетінде бұндай мақаланың жариялануы партия ұйымдарының белсенділігін арттыруы, өзара сынды өрістетугі тиіс деген баға беруге мәжбүр болады. Осы мәжілісте Мирзоян буржуазиялық-ұлтшылдықпен күресу бұрыннан қолға алынғанын айта келіп, «Я не знаю, многи ли было таких организации в национальных республиках, где бы так остро ставили вопросы борьбы с националистами, как у нас» деп тоқмейілсіді. Мирзоянның сөз саптауымен айтқанда бұл 100 пайыз шындық болатын! Ал «Правда» газетіндегі аталмыш мақала республикадағы саяси қуғындау шараларын еселеп күшейтуге итермелейтін факторға айналды. Мақаланы талқылау бойынша қабылданған қаулыда ҚК(б)П ОК революцияға қарсы ұлтшылдарды әшкерелеуде және аластауда кешігіп қалғандығы атап айтылды.

Осы жерде назар аударатын бір мәселе бар. ҚК(б)П ОК бюро мәжілістеріндегі талқылауларда қабылданған қаулыларда, айыпталушылар мен әшкереленушілердің қатарында С. Сапарбековтың есімі мүлдем аталмайды. Соған қарап, оның халық жауы аталып, тұтқынға алынуы аяқ астынан болған оқиға деп санауға болмайды. Бұл сөзімізге мына құжаттың деректері дәйек болады. Л. Мирзоян 1937 жылы 30 шілдеде И. Сталинге «Ұлтшыл-фашистік ұйымның әшкереленген және қамауға алынған мүшелері туралы» жазған хабраламасында республикалық, облыстық деңгейде қызмет істейтін 14 қайраткердің қамауға алынғандығын және кейбір тұтқындардың көрсетулерінде Алматы обкомының қазіргі хатшысы Садуақасов пен БҚО обкомының хатшысы Сапарбековтердің есімдері аталатындығы, қазір осы екі хатшыға қатысты материалдардың растығы тексерілуде екендігін хабарлайды. Демек, Садықбекке қатысты НКВД органдарының тіміскі әрекеті ол тұтқынға алынғаннан екі айдан астам уақыт бұрын басталған. Батыс Қазақстан облысында кең өріс алған Сапарбековке қарсы сынды қайдан шығып жатқандығы осыдан белгілі. Мирзоянның орынсыз сын айтушылар әрекетін «арпылдады» (лаялса) деп бағалайтыны бар. Демек, ол «арпылдаушыларды» керек кезінде өз қажетіне пайдаланып отырған. Ондай китүрқы саясат ұстанбаса БК(б)П Орталық Комитетінің кеңеске қарсыларға қуғын-сүргін шараларын қолдануда бекіткен жоспарын азырканып, қудаланушылардың санын арттыруды сұраған жоспарын іске асыруы қиын болар еді. БК(б)П ОК Саяси бюросының 1937 жылғы 4 қазандағы мәжілісінде «Принять предложение ЦК КПК(б) Казахстана об увеличении количества репрессированных по 1-й категории по Казахской ССР дополнительно на 350 человек. Секретарь ЦК» деген шешім қабылдаған болса, 15 желтоқсандағы мәжілісте ҚК(б)П Орталық комитетінің бірінші категория бойынша 900, екінші категория бойынша 3500, барлығы 4400 адамға ұлғайту туралы ұсынысы мақұлданған (Гинзбург А.Я. Феномен «революционной социалистической» законности. Мифы и факты: правовой аспект. (52-68 с.) (С.57) // Саяси қуғын-сүргіндер және оның зардаптары. - Алматы, 2009.-158 б).

Осы саяси қуғын-сүргіннің шырқау шыңына жеткен кезеңдегі Л. Мирзоянның саяси әрекеті өте күрделі сипат алды. Бір жағынан партия-кеңес және шаруашылық басшыларының жүздеп тұтқынға алынуына келісім беріп жатса, екінші жағынан өзіне тағылатын айыптаулардан тайсалмай кейбіреулерге шырылдап араша түсу, қуғын-сүргіннің негізсіздігін біле тұрып, қуғындалушылардың санын арттыру туралы жоғары басшылыққа ұсыныс жасауы Мирзоянның тұлға ретінде қарама-қайшылықты келбетін қоюландыра түседі. Бұндайды «Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деп түйіндеген халқымыз оны «Мырзажан» деп төбесіне көтергені де рас.

Өзара сын – партия қайраткерінің өзін-өзі әшкерелеуге берілген «мүмкіндігі». Ағынан ақтарылған қызметкердің айтқандары көбіне өзін айыптауға дәйек береді. Партия қайраткерлері бұл тәсілді жақсы білген, содан да лажы болса өзіне қатысты сынды айналып өтуге тырысқан. Орал қалалық партия комитетінің 1937 жылғы 7-14 мамырында өткен III пленумында сөз сөйлеген С. Сапарбеков Құрамысовты өткір сынға алады.

Басына бұлт үйірілген Құрамысовқа айтылған С. Сапарбековтың бұл сыны барынша сыпайы, партиялық этикаға сай айтылған еді. Бұл сын сол кезде партиялық-мемлекеттік номенклатура арасында сын мен өзара сынды өрбіту арқылы партияның ұйымдық бірлігіне, шаруашылық міндеттерді іске асыруға болады деген саяси иллюзияның типтік көрінісі сияқты қабылдануы мүмкін. Ал Құрамысовтың Голо-

шекинмен бірлесіп жол берген асыра сілтеушілігін жақсы білетін С. Сапарбеков партияға сөз тигізбей оның өзін сынап өтті. Құрамысовқа сын айтқандардың бәрі де осындай ұстанымда еді.

Құрамысовқа тағылған кінәлердің бірі – оны мектептерде мұғалім кадрлардың жетіспеуіне байланысты «Басқа көзқарастағы» мұғалімдерді жұмыстан қумау туралы облаткомға тапсырма беруі болды. Облыстық партия комитеті бюросының 10 қазан күнгі мәжілісінде «Облыс мұғалімдерін аттестациялау барысы туралы» мәселе қаралып, онда осындай «басқаша көзқарастағы» алашордашыл Таңқытаев, Букин, Исмағанбетов пен поптың қызы Пикано аталады.

Қазақстандағы ширығып тұрған саяси ахуалды 1937 жылдың 21 қыркүйегінде «Правда» газетінде жариялаған «На поведу у буржуазных националистов» атты мақала мүлдем ушықтырып жіберді. Осы мақалада көтерілген мәселелерді ҚК(б)П Орталық комитетінің бюросы 29 қыркүйек күнгі мәжілісінде талқылап, арнайы қаулы қабылдайды. Ал 4 қараша күні Орталық комитеттің осы қаулысынан туындайтын міндеттер туралы облыстық партия комитеті бюросының жабық мәжілісінде С. Сапарбеков баяндама жасаған. Баяндама бойынша сөйлеген Сизов «Казахстанская правда» газетінің бас мақаласында біздің кемшіліктер дұрыс көрсетілген, бірақ халық жауларын әшкерелеуде біз қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ. «Соңғы кезде 31 халық жауын ортамыздан сүйреп шығардық. Біздің кемшілігіміз ол туралы баспасөзде жарияламағанымыз» деді. Ал облыстық «Прикаспийская правда» газетінің редакторы Медведьев «біздің алдымызда Құрамысовты әшкерелеу міндеті тұрды, пленумда, баспасөз бетінде де біз бұлай жасағанымыз жоқ. Біз құрамысовшылыққа да, орымбаевшылыққа да лайықты тойтарыс бермедік. Құрамысовтың құйтұрқылықтарын да әшкерелемедік» – деп ағынан жарылды.

Ал, Воробьев деген «Ипмағанбетовтың (Ипмағамбетов Әмірғали Сәрсенұлы (1904-1992) – БҚО Шыңғырлау ауданында туған, 1936 ж. ақпанынан Жәнібек аупарткомының бірінші хатшысы) әкесі – алашордашыл. Оны аупартком хатшысы етіп қалдыруға болмайды» – деді. Мәселеге барынша салмақты қарауға тырысқан Андреев «Қалалық ұйымда сын мен өзара сын өрбімей отыр. Өзіміздің партия ұйымының кемшіліктерін айтудың орнына Мирзоянды, Нұрпейсовті, обкомның бұрынғы басшыларын ғана сынаймыз» деген уәж айтады.

Бюро мәжілісі күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылдаған қаулысында обкомға қатысты айтылған сынды толығымен мойындап, тездету жұмыстарын жүргізгенімен 3 жыл бойы облыстың басшы партия және кеңес аппаратына шпиондар мен бүлдіргіштерді енгізген ұлтшыл-фашист, антұрған Құрамысовты көзден таса еткені, обком және оның бірінші хатшысы Сапарбековтың тарапынан жол берілген сылбырлықтан, саяси қамсыздықтан Құлымбетовтың, Құрамысовтың халық жаулары бандасының Батыс Қазақстанда кең өрістеуіне жол бергендігі атап көрсетілді. Сол сияқты осы қаулыда «Правда» газетіндегі мақаладан және ҚК(б)П ОК қаулысынан соң Құрамысовтың ұлтшыл-фашистік тобының мүшелері Құлшурин (облплан), Өсербаев пен Дәулетов (ауылшаруашылық мектебі), Есенқұлов (облвноторг), Бекжанов (окрФО), Қалебаев (консерві заводы) және т.б. әшкереленгенін, партия қатарынан шығарылғандығы мәлімделді.

«Казахстанская правда» газетінде аты аталғандардың бірі Қоцанов 10 қазан күнгі бюро мәжілісінде обком аппаратындағы қызметінен босатылды. Нұрымов (Бөрлі ауданы), Құрманбаев (облатком төрағасының орынбасары) партия қатарынан шығарылады.

Облыстағы саяси ахуал күн өткен сайын шиеленісе түсті. 1937 ж. 10 қазан күні өткен Батыс Қазақстан обкомы бюросының мәжілісінде Гурьев активі жөніндегі мәселе бойынша сөйлеген сөзінде С. Сапарбеков өзінің тарапына айтылған сынға жауап беріп, ақталуға мәжбүр болды. Осы бюро мәжілісінде Өтеғұлов оны Орымбаев, Нұрсейітов, Ақботин (Ақботин Халид Сейітқалиұлы (1902-1938) – Бөкей ордасында туған. 1933-1936 жж. Гурьев округкомының бірінші хатшысы, 1936-1937 жж. ҚК(б)П БҚО ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі. 08.03.1939 ж. атылған), Аманиязов (Аманиязов Қошбай (1900-?) Маңғыстау ауданында туған. 1933-1937 жж. Еспол аупарткомының бірінші хатшысы, 1937 ж. БҚО обкомының үшінші хатшысы), Ибраев, Жиенбаев, Мендібаевтарға қамқорлық жасап, құрамысовшыларды қорғаштайды деп айыптайды. Бұл айыптауды обком бюросы мүшелігіне кандидат Кеслер іліп алып кетеді.

Дегенмен, осы мәжілісте Сапарбековты жаладан арашалауға тырысқандар да болды. «Прикаспийская правда» газетінің редакторы Медведьев обком бюросы және Сапарбековтың қателіктерді түзетуге бағыт алғаны көрініп тұр. Сондықтан «Сапарбековты кіналауды доғарайық» деген ұсыныс жасады. Партия қызметкері Будкии де осы бағытта сөз сөйлеп «Сапарбековтың қызметіне күмән келтіруге болмайды» – дейді.

Бюро мүшесі Сидоров Сапарбековты сын мен өзара сынды тұншықтырып отыр, сөйлеген сөзінде ағынан жарылмады дей келіп «Наш актив ставит вопрос – сумеет ли Сафарбеков возглавить борьбу с врагом народа. Мы считаем, что пока этого нет... Мне кажется тов. Сафарбекову трудно будет исправлять свои ошибки, ведь он политически себя скомпрометировал и сейчас мы имеем сигналы политического недоверия к Обкому. И после этого т.Сафарбеков должен сделать себе вывод» деген сын айтады. Өзіне тағылған айыптар мен айтылған сынға жауап беру үшін С. Сапарбеков қорытынды сөз сөйлеп, «ұлтшылдықпен күресте кешігіп қалғанымыз рас, бұндай кемшілік өзге облыстарда да кездеседі, кемшіліліктерді түзетуге біздің күшіміз жетеді» деп ақталуға мәжбүр болады.

Облыстық партия комитеті бюросының 16 қазан 1937 ж. мәжілісінде қызу талқылауға негіз болған обкомның үшінші хатшысы Алманиязов партиялық топшылдыққа қатысқаны үшін қызметінен, бюро мүшелігінен алынып, ісі облыстық партиялық коллегияға тапсырылады; Қазталов аупарткомының хатшысы Айтмағамбетов, Фурманов аупарткомының хатшысы Әубәкіров (Әубәкіров Мұхсин Илеуұлы (1903-?) Теңіз ауданында туған. 1935-1937 жж. Фурманов аупарткомының бірінші хатшысы), Шыңғырлау аупарткомының хатшысы Қазиев (Қазиев Орынтай (1901-1938) Жәнібек ауданында туған. 1937 ж. Шыңғырлау аупарткомының бірінші хатшысы. 13.11.1938 ж. ату жазасына кесілген), Орда ауаткомының төрағасы Құлтасов, ал 19 қазан күнгі мәжілісте Теңіз аупарткомының хатшысы Шолақовтар (Шолақов Жылыбай Қойлығұлұлы (1897-1938) Маңғыстау ауданында туған. 13.12.1938 ж. ату жазасына кесілген) қызметтерінен босатылып, партиялық мәселесін қарау тиісті органдарға тапсырылады.

Облыстық, қалалық партия ұйымдарындағы бұл саяси пікірталасты облыстық «Прикаспийская правда» және «Екпінді құрылыс» газеттері үлкен даңғазаға айналдырды. «Правда және «Казахстанская правда» газеттерінде жарық көрген мақалалардан соң іле-шала 27 қыркүйек күні «Прикаспийская правда» газетінде «Выкорчевывать всех национал-фашистов, разоблачить их приспешников» деген көлемді мақала жарық көрді. Бұл мақалада негізінен сынның бәрі бұрынғы обком хатшысы І. Құрамысовты әшкерелеуге бағытталғанымен обкомның қазіргі хатшылары Сапарбеков пен Курылов және өзге бюро мүшелерінің қызметі де сын мен өзара сынды өрістеткен белсенділердің назарынан тыс қалмады. Осы мақалада облатком төрағасы Спириин Сапарбеков пен Курыловты мамыр айындағы конференциядан кейін ұзақ уақыт бойы ұлтшыл-фашистермен күрес жүргізбей келді, бұл жағдай халық жауы Құрамысовтың дұшпандық әрекетін дер кезінде әшкерелеуді кешіктірді деп айыптады.

Батыс Қазақстанда кең тамыр жайған мендешовшілдіктің бүлдіргіш әрекетіне соңғы үш жыл бойы осы «шылықтың» басшысы Құрамысов жетекшілік жасап келді деген сияқты нақты дәлелі мен дәйегі жоқ саяси айыптаулар республикада көтерілген дүрбелеңге үн қосудан өзге нәтиже берген жоқ.

Осы газетте 30 қыркүйекте жарияланған «Выкорчевывать остатки национал-фашистской банды» атты мақала (авторы Н.Сельников) Құрамысовпен қызметтес болған партия-кеңес кадрларының арасынан оның «құйыршықтарын» әшкерелеуге арналды. Онда НКВД қамауына алынған Өсербаев, Дәулетов, Балғаниязов, Ишанкуловтардың жаулық әрекеттері әшкереленеді. Ал 16 қазанда жарияланған «Коммунисты районных парторганизации разоблачают буржуазных националистов» атты мақалада Батыс Қазақстан облысы аудандарындағы ұлтшыл-фашистерді әшкерелей келіп Сапарбеков пен Курылев сын мен өзара сынды өрістете алмады деп айыптаса, артынша Орал қалалық партия активі жиналысының есебі ретінде жазылған «Уральский партактив обсуждает статью «Правды» «На поводе у буржуазных националистов» («Прикаспийская правда» 20 октября 1937 г.)» атты мақалада обкомның бюросы және оның хатшысы С. Сапарбеков өз қателіктерін түзетіп, халық жауларын қуып шығуға партия ұйымдарын жұмылдыруға және сын мен өзара сынды өрістетуге қабілеті жетеді деген пікірді жария етті. Әйтсе де келесі күні жарық көрген «Уральской городской партийный актив правильно критикует ошибки обкома,

выражают политическое недоверие т.т.Сапарбекову и Курылеву» (21 октябрь 1937 г.) атты мақала Садықбектің саяси карьерасына нүкте қойды. Облыстық партколлегияның хатшысы Воробьев былай деді: «Мне не понравилось выступление Сапарбекова. В его выступлении не было откровенности, не было большевистской критики собственных ошибок. Врага народа Нурсеитова Т. Сафарбеков знал 9 лет, работал с ним, но это не помешало ему продвигать его на ответственную работу и высшие парторганы. Точно так же обстоит дело и с Орумбаевым, Ибраевым, Жиенбаевым, с которыми Сафарбеков работал, которых знал, но их не проверял и не прислушивался к имеющимся сигналам о них». НКВД органдарымен қоян-қолтық жұмыс істейтін орган басшысының бұл айыптауының ресми салмағы ауыр болды.

Садықбек Сапарбеков ҚК(б)П Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюро мәжілісіне 19 қазан күні соңғы рет төрағалық жасады. Ал 23 қазан күнгі мәжілісте С. Сапарбековты қызметтен босатып, Орталық комитеттің қарауына жіберу туралы шешім қабылданған. Ал 31 қазан күнгі бюро мәжілісінде ҚК(б)П Орталық комитетінің обком хатшысы туралы шешім талқыланып, Шәріп Өтепов бірінші хатшысы міндетін атқарушы болып бекітілді.

Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Садықбек Сапарбековты айыптауға байланысты мәжіліс хаттамалары мен баспасөзде жарияланған мақалаларға талдау жасағанда оған тағылған ең басты айып І. Құрамысовты әшкерелеу жұмысына партиялық басшылық жасамады, халық жауларына қатысты саяси қырағылық танытпады дегенге келіп саяды. НКВД органдарының қолында оның ұлтшылдыққа қатыстылығын айғақтайтын дәлел-дәйек болмағандықтан, екінші жағынан обкомның бірінші хатшысы Орталық Комитеттің номенклатуралық тізімінде болғандықтан да оны Орал қаласында бірден тұтқынға алмай, саяси қуғын-сүргіннің ошағына айналған Орталық Комитеттің қарауына жіберілді.

Алматыға келген С. Сапарбеков «Кеңестер үйі» қонақ үйіне орналасады. 1937 жылдың 18 қарашада осы қонақ үйде тұтқынға алынады. КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 28 ақпан 1938 жылғы үкімімен ату жазасына кесілді.

С. Сапарбековтың ісі КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының сотында қаралуына И. Сталиннің, Молотовтың, Кагановичтің өздері келісім беріп қол қойған!!! Әрине, жалғыз өзіне емес. 3 қаңтар 1938 ж. КСРО Ішкі Істер Халкомы Мемлекеттік қауіпсіздік Бас басқармасы 8-бөлімінің бастығы мемлекеттік қауіпсіздіктің аға майоры Цесарскийдің биліктің ең жоғары инстанциясына ұсынған тізімінде Алматы облысы бойынша 38, Шығыс Қазақстан облысы бойынша 8, Алматы-Түркістан-Сібір темір жолы бөлімі бойынша 71 қайраткердің аты-жөні келтірілген. Осы тізім бойынша С. Сапарбековпен бірге Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Сейітқали Меңдешов, Мұқаш Орымбаев, Қазмұхамбет Күлетов, Ізмұхан Құрамысов, Нарзулла Рүстемов, Мұхтар Саматов, Сейітбек Кенбаев сияқты үзеңгілес, идеялас жолдастары да бар еді.

Республикалық «Әділет» қоғамының тікелей араласуымен Алматы қаласының жанындағы Жаңалық ауылына жақын жерден аты жоқ жаппай жерлеу орныны анықталды. Құқықтық құрылымдардың араласуымен зиратқа қазба жұмысы жүргізіліп, мүрделерге сот-медициналық сараптама жасалды. Нәтижесінде прокуратураның «Жаңалық – 1937-1938 жж. атылғандарды жерлеген орын» деген қорытындысы дүниеге келді. Алматыдағы НКВД ғимаратының жертелесінде атылған 3,5 мың адамның мүрдесі құпия түрде осында жерленген екен. 1938 ж. С. Сапарбеков те өзімен бірге атылғандармен осы зираттан мәңгілікке орын тепті.

1937-1938 жж. еліміздің халықшаруашылығы салалары барлық көрсеткіштер бойынша кері кеткен кезең болды. Ел тізгінін ұстаған партиялық-мемлекеттік номенклатураның халықтың игілігіне жұмсалатын қажыр-қайратын саяси қуғын-сүргіннің толқыны жұтып қойды. Үлкен облысты басқарған С. Сапарбеков те өңірді дамытуда ойға алған жұмыстарын іске асырып үлгермеді. Осылайша күш-қуаты кемеліне келген кезінде бойдағы бар қайратын ел игілігіне жұмсай алмай тұтас бір буынның қасіретіне айналды.

Осындай қасіреттен ел рухын жанитын қасиет іздеуіміз керек-ау. Тарихтың сабағы деген осы болса керек!

Алпысбес Махсат Алпысбесұлы  
т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры  
E-mail: alpysbes@gmail.com

Есқалиев Самат Амангельдинович  
т.ғ.к., ҰБА «Қазақстан тарихы» зертхана меңгерушісі  
E-mail: samat.eskaliev@mail.ru

Исахан Ғазиза Тұрмағанбетқызы  
Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің ҒЗБ басшысы  
E-mail: isakhang@bk.ru

## ХАЛЫҚТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРУ: НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ АРХИВІНІҢ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада «Қазақстан Республикасына күштеп депортацияланған халықтар мен арнайы қоныс аударушылар контингентін оңалту мәселелері жөніндегі өтініштер туралы мәліметтер» семинары барысында талқыланған деректер берілген. Бұл құжаттар Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік архивінің құжаттары негізінде талдауға алынып, қарастырылады. Мақаланың ғылыми мақсаты – күштеп жер аударылғандардың мәліметтерін талдауға алу, қорытындылар жасау. Сонымен қатар, бұл мәселе сталинизм террорынан жапа шеккен құрбандар, өткен ғасырдың 1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінің тұтқынында қалған әскери тұтқын қазақстандықтар, «Түркістан легионында» уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындардың мәселелерін зерттеу тақырыптарына да қатысты екенін байқаймыз. Бұрынғы Ақмола, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы және оның төңірегі бойынша Солтүстік Кавказ өңірінен өз туған жерінен Қазақстанға күштеп жер аударылған шешен, ингуш, қарашай, балкар халықтары туралы мұрағаттарда сақталған кейбір мәліметтерді жария ету және бұл тақырыпқа қатысты ұстанымды тұжырымдау. Сталинизм қылмыстары белең алған шақта совет халқына жасалған қиянаттарды сөйлету әркімнің парызы. Өз кезінде ғалымдар халықты қырған он алты мемлекетті атаған болатын, олар жалпы алғанда, шамамен 100 миллионнан астам адамды жер бетінен жойған. Әлгі он алты мемлекеттің ішінде адам өмірін ойыншыққа айналдырғандардың көш басында Кеңес Одағының өкіметі тұрды. Сол өкіметтің жүргізген жауыздық саясаттың кесірінен миллиондаған адам бақилық болғаны адамзатқа жасалған зұлымдық деп бағалануы тиіс. Мысалы, қолдан ұйымдастырылған ашаршылықтан, саяси қуғын-сүргіндерден, күштеп депортацияланған, идеологиялық себептен орын алған соғыс салдарынан, барлығы шамамен 60 млн. совет азаматы қырғынға ұшырады. Тарихты халық жадынан ешқашан шығармау қажет десек мемлекеттердің архиві де жабылмауы тиіс. Қуғын-сүргін құрбандарын, күштеп жер аударуға ұшырағандардың тарихы хатталып отыруы қажет.

**Түйін сөздер:** халықтарды депортациялау, арнайы қоныстанушылар, жер аудару, сталинизм, Берия, шешен, ингуш, Ақмола, тарих.

## Кіріспе

Архив құжаттарымен жұмыс жасауда біздің алдымызға түскен сауалдың біршамасы ең алдымен жер аударылған халық өкілдерінен ақтауды қажет ететін тұлғаларға назар аударып, соларға қатысты мәселенің қайта қойылуы тұрғысынан талдау болды. Алайда КСРО сияқты отыз жыл бойы жоқ мемлекеттің құқықтық шешімдеріне ақтау, немесе реабилитация жасау ісін өзге мемлекеттің өз құзырына алуының қаншалықты құқықтық шынайылығы бар деген мәселе де шығуы мүмкін. Өйткені, тарих бетінен өшіп кеткен мемлекеттің шығарылған заңсыз, немесе тіпті заңды да шешімдерін қайта қарауда да белгілі бір ұстанымдар жасалуы қажет.

Еліміздің қазіргі Елордасы – Нұр-Сұлтан қаласы өткен XX ғасырдың 1930-1940-шы жылдары Ақмола қаласы және Ақмола облысы орталығы болып тұрған кезде, бұл өлкеге көптеп жер аударылған, депортацияға ұшыраған халықтар қатарынан алдымен поляктар, немістер, шешен-ингуштер мен балқарлар, қарашайлар, қырым-татар қатарлары болды. Депортацияланған халықтар геноцидтік қысым көрген этностар ретінде қарастырылуы тиіс. Олардың тағдырына жауаптылық тікелей тоталитарлық жүйе мойнында.

## Әдіснама және дерек қоры

Тоталитарлық жүйелердің жазалау аппаратын зерттеу мәселесіне орай әлеуметтану, құқықтану, деректану, психология, юриспруденция, ауызша тарих салаларының арнайы ғылыми әдіс-тәсілдері қолданылады. Біздің бұл мақалада негізінен тарихи сипаттау әдісі қолданылады. Тарих ғылымы қалыптастырған тарихи деректерге деректік сын талдау жасау амалдары мұрағат құжаттарының құқықтық актілер, өмірбаян, ресми құжаттар, жеке құжаттар, фотоқұжаттар, хат алысу, статистикалық мәліметтер, естеліктер ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған дереккөздер (мұрағат және басқа дерек көздерді келтірер болсақ), олардың қатарынан Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінен – 504-і қор [1]; 430-шы қор [2]; 424-ші қор [3]; 430-шы қор [4]; 501-ші қор [5] тізбелері, істері бар. Бұл архивте негізінен азаматтық істер сақталған. Мысалы, 504-ші қорда – заңсыз қуғын-сүргін құрбандары Ассоциацияның жетекшісі В.М. Гриневтің жеке құжаттары; 424 қордың 6 тізімдемесінде Астана қаласының «Видергебурт» неміс қоғамы құжаттары, және т.б. сақталған.

## Талқылаулар

КСРО-ның халықтарды жер аудару саясатын тоталитарлық режимнің ауыр қылмысы ретінде бағалаған Қ. Алдажұманов, Ю. Романов, М. Хасанаевтың зерттеулерінде айтылды [6, 7, 8]. Қазақстанның этникалық топ өкілдерінің қатарынан шыққан зерттеушілер Г. Хаң, Г. Ким, Г. Кан, К. Эрлих, Л. В. Кригер, А. Фризен, және т.б. жазды [9, 10, 11]. Бұл зерттеулер архив құжаттарының көпшілікке қолжетімді болып, архивтік қорлардың ашылуымен ғана дәйектеле жазылады. 1990-жылдардың ортасынан бастап архивтік құжаттар құпиясы кеңінен мәлім болуынан, Қазақстан Республикасы Президенті архиві немістер мен поляктардың жер аударылу тарихы туралы құжаттардың екі жинақтары жарыққа шықты.

Нұр-Сұлтан, бұрынғы Ақмолаға күштеп жер аударылған халықтар: 1) немістер, отбасымен; 2) шешендер, отбасымен – (50 481 адам Ақмола обл – 17.03.1944 г.); 3) балқарлар, отбасымен; 4) ингуштар, отбасымен; 5) поляктар бар. Архив мұрағаттарында депортацияланған этникалық топтардың жер аударылуына қатысты құжаттар көп болғанымен, олардың қорлары ашық немесе құпия деп танылған қоймаларда сақталуы мүмкін. Көптеген құжаттар өзінің құпиялылық статусынан шыққан болса да, олардың көпшілігі ғылыми айналымға түспеген. Күштеп жер аудару процесіне ұшыраған, депортацияланған халықтардың мәселесі бір жағынан тарихи контексте ғана қаралса, екінші жағынан оның құқықтық аспектілері де бар. Бірақ теория-методологиялық тұрғыда оны халықаралық құқық және мемлекеттің құқықтық-нормативтік құжаттары негізінде қарастыруға болатыны анық мәселе.

Архив құжаттарының мазмұны әрқилы. Солардың ішінде жиі кездесетіні Ақмола облыстық кеңесі атқару комитетінің арнайы қоныстандырылғандарға қатысты деректер сақтайтын ресми құжаттар. Мысалы 1944 жылдың 3 қарашасындағы №25/2 шешімде «арнайы қоныстандырылғандар қатарынан біліктілігі жоқтарды фабрик-зауыт оқуына жіберу» туралы, және с.с.т.б. Архивтік құжаттарда «жер аудару» сөзі мүлде кездеспейді. «Көшіру», «еңбек қонысы», «арнайы қоныстандыру» сөздерімен қатар науқандардың тізбегі сияқты өтіп жатқан оқиғалардың мәнін дәл беретін «операция» сөзі қолданылады.

Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік архивінің қорларында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінен (РФМА) Ингушетия мемлекеттік архивіне берілген құжаттардың көшірмелері сақтаулы. РФМА-ның Р-9479 қоры 1-ші тізімдеме 182-ші істе сақталған Л. Берияның И. Сталин мен В. Молотовқа жолданған құпия хатында Қазақстан аумағына 477 809 адам, ал Қырғызстанға 124 384 адам Солтүстік Кавказ аймақтарынан халықтар, оның ішінде барлығы, шешен мен ингуш – 496 460, қарашай – 68 327, балкар – 37 406 адам жер аударуы жоспарланғаны айтылады. РФМА-ның Р-9479 қоры 1-ші тізімдеме 182-ші істің 56-58-ші парақтарында: «Ақмола облысында 60 мың шешен және ингуш қоныстандырылады. Оның ішінде, Ақмола ауданына 5300, Вишневка станциясында 4800, Еркіншілік станциясында 2200, Шортанды станциясы 4800, Колутон станциясы 2000 депортацияланған шешен және ингуш өкілдері. Осы істің 228-ші парағында: 15 наурыз күні 19 эшелон, 52 945 адам келіп, оның 4 эшелоны, 10 681 адамы Қырғызстанға жөнелтілген [12].

Біздің зерттеу тобымыз тарапынан арнайы орналастырылғандар (спецпоселение) саны жайында мәліметтер әлі нақтылануда. Олардың жер аударылуы қылмыстық тәртіппен іске асырылған. Айыптаулар көбіне РСФСР ҚК 58 бабының тарауларына сәйкес болған. Бұл мәселе де әлі зерттелу үстінде. Архив құжаттарымен жұмыс жасаған тұлғалардың зерттеу нысанына объективтілік көзқарас тұрғысынан келу талаптары да аса маңызды. Мысалы, депортациялау саясатын жүргізген КСРО мемлекет ретінде халықаралық саяси-құқықтық кеңістікте қазір жоқ. КСРО жойылумен бірге оның тарапынан жасалған құжаттарында да ешқандай құпиялылық статусы сақталмауы тиіс еді. Өйткені құқық сақтаушы субъектінің өзі де жоқ. Ендеше жер аударылғандарға қатысты құжаттардың өзі де бірден архивтің ашық қорларына ауысуы тиіс еді деп ойлаймыз (ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Президентінің архиві және арнайы архивтер жөнінде айтып отырмыз). Оның құпиялылық сыр ретінде қорғап ұстаудың өзі, тарих сахнасынан кеткен совет мемлекеті өмірін жалғастыру ісіне ұқсайды. Сонымен бірге, архивтік құжаттар, оның жазылудағы айыптау стилінің өзі зерттеушілерді өз ыңғайына түсіріп алуы да байқалуы мүмкін.

Зерттеу тобымыз Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архив қоры құжатымен жұмыс жасау барысында Қазақстан аумағына халықтарды күштеп қоныс аудару мәселелері негізінен ұлттық-мәдени орталықтар жұмысы барысында да хатталатынын байқатты. Неміс, ингуш, шешен, балкар, қарашай және т.б. бұрынғы совет халықтарын Қазақстанға жер аударып депортациялау тарихын ғалымдар жақсы қарастырған [13, 14, 15, 16]. Қазіргі таңда да бұл көзқарастар ұлттық мүдде ұстанымда болуы тиіс. 1930 жж. соңынан бастап Қазақстан «сталиндік халықтар абақтысына» айналды (М.Қ. Қозыбаев). Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны әлеуметтік, сондай-ақ саяси себептермен жер аударылған арнайы қоныстандырылған адам болды. Күштеп қоныс аударту НКВД басшылығымен жүргізілді.

Әкімшілік тәртіппен депортацияланған «саяси баптар» бойынша сотталғандардың саны нақтылау үшін зерттелуде. Қылмыстық тәртіппен арнайы қоныстанушылардың «саяси баптары» бойынша сотталғандардың санын анықтау үшін тиісті құжаттарға талдау жасалынатын болады. Әкімшілік тәртіппен қоныстанушылардың «саяси баптары» бойынша сотталғандардың саны анықталған деректер жоқ, Сотталғандар санын толық анықтау үшін қорлармен жү-

мыс жүргізу қажет. Қазақстанға күшпен қоныс аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударушылар өлімінің динамикасы жайында мәліметтер бар. Мысалы, 471 мың 971 арнайы жер аударылған шешен-ингуш халық өкілдерінен 646 адам жолда қайтыс болғандарға жатады.

Депортацияланған халық және арнайы қоныс аударылғандардың сақталып қалған ғимараттары, аумақтары, болу (жерлеу) естелік орындары туралы мәліметтерге келетін болсақ, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласының «Бейбітшілік сарайы төңірегінде» арнайы қоныс аударылғандардың кішігірім қорымдары қайта жерленіп, ол жерге кейін қалалық құрылыс салынып кеткен, және 40-шы станция төңірегінде бұл қорымдар болуы тиіс. Осыған байланысты естеліктер жинастырып, архивке өткізу қажет.

Соғыс қарсаңында және соғыс жылдары жер аударылған халықтарды Қазақстанда орналастыру, күштеп қоныс аудару себептерінің құқықтық мәртебесі, жайғастыру және жұмысқа пайдалану қарастыруды қажет етеді. Күштеп көшіру, жер аудару тарихын соғыс тарихымен байланыстырса да, бұл мәселенің мән-жайын ашпайды. Себебі, әлеуметтік, таптық және ұлттық азшылық пен этностық топ белгілері бойынша көшіру соғысқа дейін де болды. Оқиғаның себептері одан терең жатыр. Жаппай жер аудару туралы шешімнің негізінде бізге әлі белгісіз болып келе жатқан аса терең себептер бар [17, 18, 19, 20].

Қазақстанға жер аударылып әкелінген халықтарды, арнайы қоныс аударушыларды оналту мәселелері жөніндегі өтініштер туралы мәліметтер туралы архив қорларының материалдарына ғылыми талдау жасалуда. Бұлардың қатарында күшпен қоныс аударылған, арнайы қоныстандырылған, саяси негізде жер аударылған халықтарды ақтау мәселесі жеке тұлғаға қатысты мәселе емес, тұтас бір этникалық топқа қатысты іс. Жеке тұлға істері болса, сол күштеп көшірілген этностардың өкілдеріне қатысты болған күннің өзінде олардың барлығы совет халқы өкілдері санатында, совет азаматтары ретінде танылды. Сондықтан, бұл мәселенің жеке құқықтық аспектілері бар. Ақталған халықтарға құқықтары бірден толық қайтарылған жоқ. Халықтарды жер аударумен қатар құжаттарда ұнамсыз элементтерден тазарту шаралары қатар жүргізілген.

### Қорытынды

Қуғын-сүргін құрбандары – Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударылғандар туралы жұмысты жетілдіру үшін архив материалдарын талдау жасау кеңестік органдар Қазақстан аумағына арнайы қоныстандырылғандарды қабылдау мен орналастыруға дайындық алдын ала басталғанын көрсетеді. Сталиндік саясат оларды еңбек әлеуетін жетіспеуі, яғни жұмыс істейтін тегін жұмысшы қажет мақсаттарға бағыттады деп бағалаған болса, сонымен қатар қазақ халқын өз жерінде азшылық қатарына ұшыратып, еліміздің тарихи қалыптасқан унитарлы сипатын жоюға бағытталды. Алдағы уақытта қуғын-сүргін құрбандарын – Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударушылардың Нұр-Сұлтан (Ақмола) өңірі деректерін кеңінен жариялау қажет. Нұр-Сұлтан (Ақмола қаласы) өңіріне күштеп жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударылғандар құжаттарынан музей ұйымдастыруды, қазақ жеріне күштеп жер аударылған этностар мен арнайы қоныс аударылғандар мәселесін зерттеуге тарихшы-архивист ғылыми кадрларды даярлау ісін қолға алуды қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві. 504-ші қор.
- 2 Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві. 430-шы қор.
- 3 Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві. 424-ші қор.
- 4 Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві. 501-ші қор.

- 5 Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. – Алма-Ата: 1997. –16 с.
- 6 Белая книга (Из истории выселения чеченцев-ингушей 1944-1957 гг.) / Сост. и отв. ред. Яхьяев Л. – Грозный – А.; 1991. –235 с.
- 7 Л. Берия – И. Сталину: Согласно Вашему указанию... –М., 1995.
- 8 Калыбекова М.Ч. История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.). – Алматы: ТОО «Издательство JEM», 2008. – 188 с.
- 9 Кан Г.В. Корейцы Казахстана: Исторический очерк. – Алматы: Казахстан, 1994. –240 с.
- 10 Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов СССР в 30-40 годах // История СССР. 1986, №6.
- 11 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. / сост. Анес Г. – Алматы: «Арыс»-«Казахстан», 1998. – 428 с.
- 12 Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Р-9479-шы қор.
- 13 Хасанаев М. «Для расселения выделить районы Казахстана.» (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) // Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинара. – Алматы, 12 июня 1997. – С.31
- 14 Гунашев А. Ичкерия: месть истории. – Алматы: 2001. –45 с.
- 15 Правда о депортации чеченского и ингушского народов // Вопросы истории, 1990, №7.
- 16 Қалыбекова М.Ч. Жазаланған халықтар: қазақ жеріне халықтарды депортациялау тарихы // Электронды ғылыми журнал. № 2 (22). - 2020 - <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1492>
- 17 Некрич А. Наказанные народы // Нева. 1993. № 10
- 18 Уралов А. (Авторханов А.). Народоубийство – убийство чечено-ингушского народа. – М.: 1991. – 79 с.
- 19 Филькин В.И. Чечено-Ингушская карательная организация в годы Великой Отечественной войны Советского Союза. Грозный, 1960. С.43.
- 20 Шахбиев З. Судьба чечено-ингушского народа. – М.: «Россия молодая», 1996. – 479 с.

**Алпысбес М.А., Есқалиев С.А., Исахан Г.Т.**

**ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН: НЕКОТОРЫЕ ДАННЫЕ АРХИВА  
Г. НУР-СУЛТАН**

**Аннотация.** В статье приведены данные, представленные на семинаре «Материалы по обращениям на реабилитацию лиц, депортированных и спецпереселенцев в Казахстан в 1940-е гг.». Исторические данные рассматриваются на основе документов Государственного архива г. Нур-Султан. Статья нацелена на анализ данных по депортированным народам для научно-теоретических изысканий. Отметим, что данный вопрос, кроме того, касается жертв сталинского террора, казахстанских военнопленных из фашистской Германии, Финляндии и других стран Европы в 1939-1945 гг., казахстанских военнопленных в составе Туркестанского легиона. Хранящихся в фондах архива насильственно депортированных в Казахстан с территорий Северного Кавказа, а именно балкарского, карачаевского, чеченского, ингушского народов, а именно переселенные в город Акмолинск, ныне город Нур-Султан и его окрестности. Раскрытие некоторых сведений позволяет сформулировать определенные выводы по этому вопросу. Долг каждого - сказать о насилии и зверствах, совершенных против советского народа в годы сталинизма. Ученые назвали 16 стран в XX-м веке, в которых было уничтожено деятельностью антинародных правительств этих стран в совокупности более 100 млн человек. В числе этих 16 государств Советский Союз был в авангарде превращения человеческой жизни и судеб в игрушку собственной идеологии. Увековечение миллионов людей в результате жестокой политики этого правительства следует принимать за зверства против всего человечества. Например, в результате организованного голода, политических репрессий, насильственных депортаций и идеологических войн всего было убито около 60 млн советских граждан. Если мы говорим, что история никогда не должна быть забыта, то и архивы государств не должны закрываться. История жертв репрессий и насильственных депортаций должна быть четко зафиксирована.

**Ключевые слова:** спецпереселенцы, депортация, сталинизм, Берия, чеченцы, ингуши, Акмолинск, история.

Alpysbes M.A., Eskaliev S.A., Issakhan G.T.

DEPORTATION OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN: SOME SOURCES FROM THE ARCHIVE  
OF THE CITY OF NURSULTAN

**Abstract.** *This article provides the data presented at the seminar «Materials on applications for the rehabilitation of persons deported and special settlers to Kazakhstan in the 1940s.» Historical data are considered based on copies of documents from the State Archives of Nur-Sultan. The article is aimed to analyze data on deported peoples for scientific and theoretical research. Note that this issue, in addition, concerns the victims of the Stalinist terror, Kazakh prisoners of war from Nazi Germany, Finland and other European countries in 1939-1945, Kazakh prisoners of war in the Turkestan Legion. Stored in the archive funds forcibly deported to Kazakhstan from the territories of the North Caucasus, namely the Balkar, Karachai, Chechen, Ingush peoples, namely those resettled in the city of Akmolinsk, now the city of Nur-Sultan and its environs. The disclosure of some information allows us to formulate certain conclusions on this issue. Everyone's duty is to speak about the violence and atrocities committed against the Soviet people during the years of Stalinism. Scientists have named 16 countries in the twentieth century, in which more than 100 million people were destroyed by the activities of the anti-people governments of those countries. Among these 16 states, the Soviet Union was at the forefront of turning human life and destinies into the plaything of its own ideology. The perpetuation of millions of people in a result of the cruel policies of this government must be taken as atrocities against all mankind. For example, in a result of organized famine, political repression, forced deportations and ideological wars, about 60 million Soviet citizens were killed in total. If we say that history should never be forgotten, then the archives of states should not be closed either. The history of the victims of repressions and forced deportations must be clearly recorded.*

**Keywords:** *special settlers, deportation, Stalinism, Beria, Chechens, Ingush, Akmolinsk, history.*

## References

- 1 Nur-Sultan қаласынын мемлекеттік архиви. 504-ші қор.
- 2 Nur-Sultan қаласынын мемлекеттік архиви. 430-шы қор.
- 3 Nur-Sultan қаласынын мемлекеттік архиви. 424-ші қор.
- 4 Nur-Sultan қаласынын мемлекеттік архиви. 501-ші қор.
- 5 Aldazhumanov K.S., Aldazhumanov E.K. Deportaciya narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima. – Alma-Ata, 1997. –16 s.
- 6 Belaya kniga (Iz istorii vyseleniya chechencev-ingushej 1944-1957 gg.) / Sost. i otv. red. YAh»yaev L. – Groznyj – A.-A., 1991. –235 s.
- 7 L.Beriya – I.Stalinu: Soglasno Vashemu ukazaniyu... –M., 1995.
- 8 Kalybekova M.CH. 2008. Istoriya deportirovannyh narodov Kazahstana (1937-1956 gg.). – Almaty, TOO «Izdatel'stvo JEM», 2008. 188s.
- 9 Kan G.V. 1994. Korejcy Kazahstana: Istoricheskij ocherk. –Almaty: Kazahstan, 1994. –240 s.
- 10 Bugaj N.F. K voprosu o deportacii narodov SSSR v 30-40 godah // Istoriya SSSR. 1986, №6.
- 11 Deportirovannye v Kazahstan narody: vremya i sud'by. / sost. Anes G. –Almaty: «Arys»-«Kazahstan», 1998. – 428 s.
- 12 Resej Federacijasy мемлекеттік архиви. R-9479-шы қор.
- 13 Hasanaev M. «Dlya rasseleniya vydelit' rajony Kazahstana...» (Arhivnye dokumenty o deportacii narodov v Kazahstan) // Deportaciya narodov i problema prav cheloveka. Materialy seminaru.–Almaty, 12 iyunya 1997. –S.31
- 14 Gunashev A. 2001. Ichkeriya: mest' istorii. –Almaty, 2001. –45 s.
- 15 Pravda o deportacii chechenskogo i ingushskogo narodov // Voprosy istorii, 1990, №7.
- 16 Kalybekova M.CH. ZHazalanfan halyqtar: qazaq zherine halyqtardy deportacijalau tarihy // Elektronnyy ғылыми zhurnal. № 2 (22). - 2020 - <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1492>
- 17 Nekrich A. 1993. Nakazannye narody // Neva. 1993. № 10
- 18 Uralov A. (Avtorhanov A.). 1991. Narodoubijstvo – ubijstvo checheno-ingushskogo naroda. –M., 1991. –79 s.
- 19 Fil'kin V.I. Checheno-Ingushskaya karatel'naya organizaciya v gody Velikoj Otechestvennoj vojny Sovetskogo Soyuza. Groznyj, 1960. S.43.
- 20 SHahbiev Z. Sud'ba checheno-ingushskogo naroda. M.: «Rossiya molodaya», 1996. – 479 s.

Джиеналиев Ерлан Курмашевич

Докторант 1 курса  
Евразийский национальный университет  
имени Л.Н.Гумилева  
erlan.77@inbox.ru

---

ПРОЦЕССЫ АДАПТАЦИИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН

---

**Аннотация.** Данная статья посвящена истории одной из самых тяжких преступлений сталинского режима – депортации народов в Казахстан в 30-начале 50 гг. XX века. Данный процесс привел к формированию многонационального состава населения. Приводятся данные об этапах переселения, о численности депортированных, о местах их расселения, об отношениях с казахским населением. Статья содержит данные об историографии данной проблемы, приводится источниковедческий материал. Рассматриваются особенности депортации народов в предвоенный период, в годы Великой Отечественной войны, численность депортированных народов, места их расселения. Особенность данной работы является то, что наряду с историей насильственного переселения корейцев, поляков, немцев Поволжья, чеченцев, ингушей, турков-месхетинцев, греков и других народов, предпринята попытка изучения процесса их хозяйственной, социальной и культурной адаптации в казахстанском обществе. Идет сравнение опыта адаптации корейцев, чеченцев, немцев, турков-месхетинцев и греков в предвоенные годы и годы Великой Отечественной войны. Особое значение придается изучению их отношений к коренным казахским населением, подчеркивается толерантное отношение автохтонов к депортированным народам. В заключении представлен вывод о том, что, несмотря на преступную политику сталинского режима, представители депортированных народов смогли адаптироваться и активно включиться в созидательный труд по развитию Казахстана. Каждая из них вносит свой вклад в развитие нашей страны. За годы независимости этносы стали надежной опорой стабильности и прочности республики, живым мостом народной дипломатии между Казахстаном и их исторической родиной.

**Ключевые слова:** Казахстан, Великая Отечественная война, Депортация, Адаптация, Спецпереселенцы, Указники, Спецпоселенцы, Осадники, Кулачество, Насильственное переселение, Автохтоны.

---

**Введение**

С момента обретения независимости в 1991 году Казахстану удалось построить уникальную модель межнационального согласия в полиэтническом обществе. Здесь действует уникальный орган - Ассамблея народа Казахстана, где представлены все диаспоры республики, которым предоставлена возможность развивать свои языки, обычаи, традиции и культуру.

Но несмотря на эти достижения, проблема сохранения межнационального согласия стоит остро, в свете ухудшения международной обстановки, главной причиной которого является обострение конфликты на этнической почве. Одним из путей сохранения Казахстана как «островка стабильности» является уникального опыта адаптации этносов, в том числе и в период депортации народов.

История депортаций и адаптаций «наказанных» народов в местах расселения, географически и этнически кардинально отличавшихся от исторической родины, актуальна и в наши дни. Формирование новых гражданских наций в постсоветских государствах и проблемы массовых миграций требуют внимательного изучения факторов успешности адаптаций иноэтнических групп населения в новых этнических средах, выявления факторов «выталкивания» вынужденных или добровольных мигрантов местным населением. Еще со времен депортаций поляков и корейцев в Казахстан прослеживаются определенные стратегии адаптации в новых условиях. Либо это была практика налаживания взаимоуважительных партнерских отношений с местным населением, либо культивирование установок на культурное превосходство и групповую солидарность по отношению к коренному населению, в нашем случае по отношению к казахам и русским.

### Методы и методология

Ресейлік тарихшы В.И. Козодой көтерген екінші мәселе – тегінің «дұрыс» жазылуына байланысты, біздің ойымызша бұл жерде ешқандай проблема жоқ. Себебі, кеңестік дерекнама мен тарихнамаға, жалпы кирилицаға негізделген архив құжаттары мен материалдарына сәйкес одақтас республикалардағы ірі тарихи тұлғалардың тегі, барлығы дерлік «-ов; -ев»-пен транскрипцияланған, бұдан ол заманда да, қазір де толық арыла қоймадық. Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан азаматтарының ішінде патриоттар болды, олар жеке төлқұжатын рәсімдеген кезде өз тегіндегі «-ов; -ев»-терді алып тастады. Сөйтіп, олар басқа елге тәуелді емес, еркін, дұрыс шешім қабылдай алды. Сол сияқты ғылыми ортада да ғалымдар тұлғатану бағытындағы зерттеулерінде, жалаң ақпараттарға емес, архив құжаттарында сирек кездесетін мәліметтерге сүйене отырып, олардың тегін «-ов», «-ев»-сіз жазды. Мысалы, Алаш қозғалысының көрнекті жетекшісі Әлихан Бөкейхан болып кетті (1995). Дәл осы жылы Президенттің тапсырысымен Президент жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды. Сондықтан бұл заңды құбылыс, тәуелсіз елдің тәуелсіз ғалымдарының тұжырымы, бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша пайымдауы.

Келесі тарауларда автор Ә. Бөкейханның арғы тегі Шыңғыс ханнан тарайтынын алға тартып, жаңғыртып отырады. Мысалы, «потомок Чингизхана», «Султан Букейхан», «Султан Алихан», «Букей-Хан», «Али-Хан» (52,57 беттер) деп ерекше атап көрсетеді. Осы ретте Әлихан Бөкейханның «хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген қанатты сөзін ескерген дұрыс. Ал, оның шыққан тегіне қатысты «Шыңғыс ханның жиырма екінші ұрпағы» дегенге басымдық, тек алғашқы өмірбаяндық бөлімде (28-30 беттер) берілсе жеткілікті деп ойлаймыз. Себебі әлемдік тәжірибе көрсеткендей, интеллектісі жоғары білімді адамдар қоғамдық-саяси күресте рулық-туыстық жағынан емес, дүниетанымы мен көзқарас деңгейі жағынан топтасады.

«Алаш» қозғалысын қалыптастырып, оған жетекшілік еткен ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханның Қарқаралыдан басталған өмір жолының бірнеше кезеңі болды. Бұл туралы әлихантанушы С. Аққұлының зерттеулерінде 1895-1908 жылдарға дейінгісі «Омбы кезеңі», 1909-1917 жылдар аралығын қамтыған «Самар кезеңі», 1917-1922 жылдар аралығындағы «Алаш Орда кезеңі», 1922-1937 жылдар аралығын қамтитын «Мәскеу кезеңі» туралы айтылған. Осылардың ішінде В.И. Козодой бастапқы «Омбы кезеңіне» айрықша тоқталады. Оның бір факторы, Омбы қаласы 1868 жылдан 1919 жылға дейінгі аралықта алдымен Дала генерал-губернаторлығының, кейіннен Ақмола облысының әкімшілік орталығы болғаны, екіншісі бұл аймақ автордың зерттеу объектісі болып отыр. Өкініштісі, кітапта Омбы қаласын Ақмола облысының орталығы деп мақтанатын отандық тарихшыларға, автор «Омбы – өлкелік (шеткергі - К.М.) астана» деп мәртебесін төмендетіп көрсетеді. Шын мәнісінде Ресейдегі 1905-1907 және 1917 жылдарғы төңкерістер кезінде Дала және Сібір аймақтарының «бетке ұстар қаймақтарын» автономия идеясы біріктірген бұл орталықтың мәртебесі, басқа аймақтармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болғанын мойындауымыз керек. Осы ретте айта кетейік, Романовтар династиясының монархиялық билігі жойылғаннан кейін Ресей империясында автономияға ұмтылған халықтар көп еді. Олардың қатарында түркі тілдес татар, башқұрт, түркістандықтар, кавказдықтар ғана емес, славян тілді сібірліктер, украиндар мен белорустар да болды.

Келесі Әлихан Бөкейхан өмірінің үшінші «Самар кезеңінде» Самара қаласында тұрады, саяси эмиграцияда жүріп, Петербор, Орынбор, Мәскеу, Минск, Киев қалаларында болған, жұмбаққа толы бұл кезеңде Ә. Бөкейхан масондық қызметімен де ерекшеленді. Кеңестік билік салтанат құрған жылдарымен тұстап-тұс келетін бесінші, яғни ғұмырының ақтық мәскеулік кезеңінде Ә.Бөкейхан алашордашыларға рақымшылық жасалуына қарамастан, тағы да үш дүркін (1920, 1922, 1926 жж.) тұтқындалады. Соған қарамастан Ә.Бөкейхан, екінші рет 1906 жылғы Тұзқалада ұсталған кездегі «керегі мен болсам, мен қашпаймын» деген сөзін қайталағандай болып, кеңес өкіметінің өзін күштеп Мәскеуде ұстауына да көнеді. 1925 жылдан ақырғы рет тұтқындалған 1937 жылдың шілдесіне дейін НКВД-ның қатаң бақылауына алынады.

Автор әлихантанушы-ғалым С.Аққұлының Ә.Бөкейхан мұрасына арналған көптомдық еңбегін ұтымды пайдалана отырып, кейбір томында кездесетін архив құжаттарына негізделмеген ауызша деректерін («oral history» немесе «айтылған тарих») сынға алады. Бұл әрине, автордың кәсіби тарихшы ретіндегі методологиялық ұстанымы. Алайда, мәселенің екінші жағын да ескерген жөн, яғни «айтылған тарих» та зерттеуші үшін назардан тыс қалмауы керек. Әрине, бұл жерде кітапта дұрыс айтылғандай «ауызша» мәліметтердің авторы және оның жазылған уақыты да, зерттеушілер үшін өте маңызды.

Тағы бір айта кетерлігі, С.Аққұлы отыз жыл бойы жинақтап, топтастырған Әлихан Бөкейханның таңдамалы шығармаларында көрсетілген ресейлік «Степной край», «Иртыш», «Семипалатинский листок», «Известия Западно-Сибирского отдела ИРГО», «Сибирские вопросы» және ұлттық «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» сияқты

басылымдарда көп кездесетін Әлихан Бөкейханның «Қыр баласы», «Түрік баласы», «Қ.Б.», «Сын степей», «Ал.-Кочевник», «Статистик», «Старый Степняк» деген 40-қа жуық бүркеншік есім және солай жазылған мақалалары туралы мәліметтер көп емес. Тек отандық ғалымдардың революцияға дейін Омбыда шығып тұрған «Ақмолинские областные ведомости» газетінде екі тілде жарияланған 18 материалы туралы мәліметтерге сілтеме жасалған (45 бет). Автор Әлихан Бөкейхан туралы отандық және ресейлік ғалымдардың екі тілде жазылған еңбектерін барынша қамтуға тырысқан. Мысалы С. Аққұлының жоғарыда айтылған 4 тілдегі монографиясы мен Ә.Бөкейханның 15 томдық шығармаларынан бөлек М.Х. Асылбеков, Ә.Т. Сеитов (Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. Алматы, 2003); Д.А. Аманжолова («Казахский автономизм и Россия». - М., 1994; «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана». - Алматы, 2009), М. Қойгелдиев («Алаш қозғалысы». - Алматы, 1995), Т. Жұртбай («Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами». В 3-х томах. - Алматы, 2016), Б. Абдығалиұлы («Войско Алаш. Казахские части в составе Белой Армии (1918-1920)»). - Астана, 2017) зерттеулері негізге алынған. Бұл қуантарлық жәйт, Алаш қозғалысы мен оның жетекшісі Әлихан Бөкейхан туралы тәуелсіздік жылдарында жарияланған отандық ғалымдардың әртүрлі жанрдағы зерттеулері ресейлік тарихнамаға енгізілді. Алайда, байқалғаны автор ресейлік тарихшы, сондықтан көбіне орысша басылымдардағы фактілер мен қорытындылар алға тартылған.

Кітапта Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси және ғылыми-ағартушылық қызметі және оның сібірліктермен қарым-қатынасына байланысты Қазақстанда тарихшы Қ. Құдайбергеновтың Томск облыстық мемлекеттік архивінің (ГАТО) материалдарына негізделген «Эпистолярные источники по истории движения «Алаш» құжаттар жинағы. (Астана, 2018-2019) қолданыс аясына енген.

Ресейлік зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, 1917 жылы Ресейде 70 саяси партия әрекет еткен, соның ішінде 36 партияның жастар ұйымдары болған. 1917-1920 жылдардағы жастар ұйымдары коммунистік емес саяси және қоғамдық бірлестіктерді құрады. Большевиктерге қарсы бұл ұйымдарда меньшевиктер, эсерлер, анархистер белсенділік көрсетті. Олардың саяси белсенділігінің деңгейі әртүрлі болды. Солардың қатарында «Алаш» партиясы 1917 жылдың 9-17 қазанда Томск қаласында өткен Бірінші Жалпысібір съезіне қатысқан партиялар тізіміне енген «Социалистер революционерлер», «Социал демократтар меньшевиктер», «Социал демократтар большевиктер», «Халықтық социалистер», «Халық еріктілері», «Сионистер», «Облыстықтар автономистер», «Социалистер федералистер» партиясымен қатар ««Алаш/қырғыз социалистері» деген атаумен берілген (53-бет). Ал «Алаш» партиясы атынан Бірінші жалпысібір съезіне қатысқан Ережеп Итбайұлы, Асылбек Сейітұлы, Есенғали Тұрмұхамедұлы, Сағындық Досжанұлы, Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермекеұлы, Халел Ғаббасұлы, Райымжан Мәрсекеұлы, Әлжан Айтіленұлы, Сағадат Жылкелдіұлы сынды қазақ депутаттарының жалпы саны (барлығы - 10 адам) көрсетілген.

Автор Әлихан Бөкейханның дүниетанымы мен қайраткерлік болмысы арқылы тұтас бір тарихи дәуірдің шындығын жеткізеді. Кітаптың ғылыми жаңалықтары да жоқ емес. Айталық, автор Ә.Бөкейханның Санкт-Петербург университетінің заң факультетін экстерн түрінде бітіргені туралы мәліметтерді жоққа шығарады (61-63 беттер).

Сонымен қатар оның қоғамдық, партиялық, ғылыми және ағартушылық қызметінің ауқымы кеңейтіліп, оның банк саласындағы қызметі зерттелген (117-125 беттер). Сол уақытта, нақтылап айтсақ 1913 жылы Ә.Бөкейхан Орынборда шыға бастаған «Қазақ» газетінің редакторы, үзеңгілес серіктесі Ахмет Байтұрсынұлын банк жұмысына қызметке тартып, оған қаржылық жағынан қолдау көрсеткен (130 бет). Осы ретте қоса кетейік, соңғы зерттеулер бойынша «Қа-


зақ» газетінің 265 емес (130-бет) , 266 саны шыққан. С.Аққұлының мәліметінше, ондағы Ә.Бөкейханның 200-ден астам мақаласы «Ғ.Б», «Ғали хан», «Қыр баласы», «Қ.Б.», «Түрік баласы», «Арысұлы» деген бүркеншік есімдермен жарияланған.

Автор Әлихан Бөкейхан туралы бүгінге дейін баспадан шыққан ғылыми еңбектер мен жинақтарды ұтымды пайдаланған. Ресей архивтеріндегі Әлихан Бөкейханға қатысты беймәлім архив қорларын ашқан, ресейлік авторлардың соңғы зерттеулерін ғылыми айналымға енгізі отырып, салыстырмалы ғылыми талдаулар жасаған. Кітапта жалпы автономистер тарихының «ақтаңдақ» беттері ашылған. Сібірлік автономистердің Алаш қозғалысындағы орны мен рөлін, жалпы алашордашылар мен сібірлік облыстықтардың өзара қарым-қатынастарын, Әлихан Бөкейхан өмірінің патшалық, алаштық, кеңестік кезеңдерін, әсіресе «А. Букейханов. Жизнь после смерти» деп аталатын 9-бөлімдегі ақталу процесін айғақтайтын кезеңін объективті тұрғыдан көрсетілген. Тарихшы ретінде қосарым, Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы, яғни алтыншы кезеңін оның «қайта тірілу» немесе «мәңгілік кезеңі» десек артық болмас еді.

Махат Данагүл

тарих ғылымдарының докторы,  
«Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ» Ке АҚ  
«Отырар кітапханасы» ғылыми  
орталығының басшысы

ХАТҚА ТҮСІП ҚАТТАЛҒАН ТАРИХ



*В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941 /Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. – Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2021. – 488 с.*

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ғылыми кеңесі баспаға ұсынған «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» атты ғылыми басылым отандық ғалымдар Г.К. Кокебаева (құрастырушы әрі басылым редакторы), Г.Т. Исахан, С.К. Шилдебайдың тиянақты еңбегінің нәтижесі. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің № АР08855857 ғылыми жобасы аясында дайындалған, отыз баспа табақтан тұратын көлемді еңбекте ХХ ғасыр басында эмиграцияда болған ұлт зиялысы М. Шоқайдың Польша, Ресей және т.б. елдердің архивтерінен алынған 1919 -1941 жылдар аралығындағы 261 хаты, кейбір хаттардың факсимилиесі, есімдер, мерзімді басылымдар және географиялық көрсеткіштері ұсынылған.

Кітаптың редакторы әрі М. Шоқайдың Еуропа архивтеріндегі хаттарын зерттеп, ғылыми айналымға қосқан қазақтың танымал ғалым қызы, тарих ғылымдарының докторы Г.К. Кокебаева, М. Шоқайдың эмиграцияда жүріп жазысқан хаттарын Ресей архивтерінен тауып, басылымға ұсынған С.К. Шилдебай, ал, кітаптың құрастырушы авторларының бірі – М. Шоқай хаттарын зерттеуші ретінде жақсы таныс шығыстанушы әрі архив маманы Ғ.Т. Исахан.

«В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» деп аталған эпистолярлар жинағына ХХ ғасырдың басындағы түрік әлемі, халықаралық қатынас, эмигранттар өмірінен дерек беретін эпистолярлық мұралар енген. Олардың адресанттары негізінен сол кезеңнің

танымал тұлғалары: саяси қайраткер Вадим Афанасьевич Чайкин, 1919-1920 жылдары Ресейдің солтүстігіндегі ақтар қозғалысының жетекшісі, генерал-лейтенант Миллер Евгений-Людвиг Карлович, осетин жазушы-журналисі Цалыкаты (Цаликов) Ахмед (Ахмед-бек) Тембулатович, Ресейдің мемлекет және қоғам қайраткері (азербайжан) заңгер-журналист, қоғам қайраткері Алимардан Топчибашев, грузин революционері Ной Виссарионович Рамишвили, Прометей ұйымынан Владзимеж Дабровский, меньшевик, заңгер әрі әдебиетші Гумер Хабибрахманұлы Терегулов және басқа да азаматтар. Қолымыздағы кітаптағы хаттарда түрік тарихы мен руханиятында үлкен орын алған Ахмет Байтұрсынов, Нәзір Төреқұлов, Абдурашидхонов Мунаввар-қары, Абуков Магомед Локманович, Аварский Ахмед Хан, Ахмед-Заки Валиди, Жаханша Досмұхамедов, Тұрар Рысқұлов, Мұхамеджан Тынышпаев, Қоңырқожа Ходжиков т.б. түркі зиялыларының есімдері де аталады. Сондай-ақ, Мұстафа Шоқайдың «Последние новости», «Дни», «Прометей», «Возрождение» редакцияларына жолдаған хаттары да енген.

Эмигранттардың саяси күрес туралы ой-пікірлері «Дни», «Последние новости», «Борьба», «Вольный горец» және басқа да эмиграциялық басылымдарда жарияланып тұрды. Мәселен, азаттық пен тәуелсіздік туын көтеруді өз мойнына міндет етіп алған «Жас Түркістан» журналы беттерінде төңкерістің тарихи тәжірибесі және ұлт зиялыларының большевиктермен саяси күрестегі жеңілісінің себептері пайымдалды. «Жас Түркістан» («Яш Түркістан») журналының 1930 жылғы №14 санында бұрынғы Ресей уақытша Үкіметінің бастығы Александр Федорович Керенскийдің «Тактика өзгерту» («Перемена тактики») және П.Н. Милюковтың «Кеңестер Ресейіндегі фактілер мен перспективалар» («Факты и перспективы в СССР») деген тақырыптарда жасаған дәрістеріне талдау жасалып, саяси күрес тәсілдерінен: «басында – бағдарлама, қолында – жұмыс» формуласын, «адамдарды теориялық қателіктеріне қарап емес, тіл алғыштығына қарап таңдау», «біздің ұлт азаттығымыздың жауы болып саналатын елдің қалжырап, әлсіреуін тілейміз және соған сүйенеміз» (Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Қайнар» баспасы. - 2007. – 352 бет. – Б. 127129) деген А. Керенский пікірлерін ұлттық күресімізде кәдеге жарайды деп санаған. Журнал қоғамда орнығып келе жатқан тоталитарлық жүйе көсемі И.Сталин тарапынан идеологиялық сынға ұшырап, Мұстафа Шоқай есімі «опасыз», «сатқын», «пантюрист» және «панисламист» ретінде сипатталды. М.Шоқай өзінің 1928 жылдың 23 қарашасында В.Дабровскийке жазған хатында «мен өз пікірін ашық айтушылар жағындамын» (Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941 /Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. – Алматы: Полиграфия сервис и К°, 2021. – 488 с. – С. 56) деп атап көрсеткеніндей, кеңестік мерзімді басылымдардан дәйектер келтіре отырып, кеңестік ұлттық саясатты аяусыз сынға алды. Барлық түркі халықтарын большевиктік қызыл отарлауға қарсы азаттық күреске шақырды.

М.Шоқайдың кеңес басшыларын қатты қауіптендірген, кеңестік ұлттық саясатты талдаған еңбектері батыс тарихнамасында аса маңызды туынды деп бағаланған. 1928 жылы Парижде француз тілінде жарық көрген Шоқайдың кітабы Кеңес өкіметінің Орта Азиядағы іс-әрекетін, оның саясатының отаршылдық сипатын айыптаған Еуропада басылған тұңғыш еңбектердің бірі саналды. М. Шоқайдың замандастарына, газет редакцияларына, эмиграцияда жүрген түркістандықтарға т.б. хаттарында да оның күрескерлігі мен түркі бірлігі жолындағы ұстанымы анық аңғарылады.


«В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» жинағына енген хаттар – Кеңестік Ресейде және ұлттық аймақтарда болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлардан шетелдегі қазақ, орыс және т.б. эмигранттар хабар алып, ол туралы пікір білдіріп отырғанын аңғартады. Мұстафа Шоқай халықаралық жағдайға ерекше назар аударып, түркі тектес халықтардың тағдырына қатысты оқиғаларға, алып империялардың отарындағы

түркі халықтарының ұлт азаттық күресіне алаңдаушылықпен қарап өз пікірін, көзқарасын білдіріп отырған. Азаттық жолындағы күрескер тұлға, кеңестанудың негізін қалаушылардың бірі – Мұстафа Шоқай көне түрік дәуірінен бастау алып орта ғасырларда Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн еңбектеріне арқау болған түркілік мұратты жалғастырды. Ол «Жас Түркістан» журналының 1931 жылғы №16 санында: «Біздің мұратымыз – бөлінбейтін біртұтас Түркістан. Біз келешекте Түркістанымызды бөлінбес біртұтас ұлттық мемлекет түрінде көргіміз келеді» – деп жазды.

Байқап отырғанымыздай, XX ғасырда қазақ халқы өміріне қатынас құралы ғана емес, мәдениет үлгісі ретінде де ене бастаған хаттар, бүгінгі күні қоғам мен адамдар өмірін тереңірек танып-білуде маңызды тарихи дерекке айналып отыр. «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941» жинағы – шоқайтану ғылымын тереңдетіп, кеңестік кезеңдегі саяси ағымдарды, идеологиялық мәселелерді, қоғамдық-саяси ахуалға қатысты зерттеулерді маңызды деректермен толықтырып, кеңестік кезеңнің ғана емес, түркі халықтары тарихының ақтаңдақ мәселелерін ашып, тың тұжырымдар жасауға қажетті құнды еңбек.

М. Шоқайдың отандастарына, түрік эмиграциясы өкілдеріне, өмірлік жары Мария Шоқайға, газет-журнал басылымдары редакциясына және М. Шоқайдың өзіне жазылған хаттар – антропологиялық, әлеуметтік, лингвистикалық және т.б. зерттеулер үшін де қажет, маңызды тарихи мұра.

НЮРНБЕРГТЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ ТРИБУНАЛДЫҢ ҮКІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ



Федералды архив агенттігі, Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві және Ресей Ғылым академиясының Мемлекет және құқық Институты алғаш рет орыс тілінде қалың оқырмандарға тарихи маңыздылығы мен көлемі жағынан құнды екі құжаттың толық ресми мәтіндерін ұсынады: Нюрнбергтегі халықаралық әскери трибуналдың үкімі және КСРО трибуналының мүшесі, әділет генерал-майоры И.Т. Никитченконың ерекше пікірі.

1946 жылдың қазан айында тарихтағы басты сот трибуналы жұмысын аяқтап, негізгі нацистік қылмыскерлерге үкім шығарды. Үкім алғаш рет халықаралық адамзатқа қарсы қылмыстар тұжырымдамасын бекітті. Барлық тараптар халықаралық әскери трибуналдың қатысушылары ретінде түпнұсқа мәртебесі бар барлық материалдар көшірмелерінің толық пакетін алды, ал Ресейге тиеселі құжаттар жиынтығы Ресей Федерациясының мемлекеттік архивіне (РФ МА) сақтауға түсті.

Кітапта КСРО трибуналының мүшесі, әділет генерал-майоры И.Т. Никитченконың соттаушылар Я. Шахтаға, фон Ф. Папенге, Г. Фричеге, Р. Гесске, Үкімет кабинетіне және Германия Қарулы Күштерінің Жоғары қолбасшылығына қатысты Трибунал үкімі бойынша ерекше пікірі де жарияланады.

<https://rusarchives.ru/federal/garf/24-01-2022-opublikovan-prigovor-mezhdunarodnogo-voennogo-tribunala-v-nyurnberge>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ  
1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ  
ҚҰЖАТТАР ЖИНАҒЫН ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРДЫ



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» РММ-і өткен жылдың соңына дейін «Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов» атты 2 томдық құжаттар мен материалдар жинағын даярлаған еді.

Халқымыз басынан кешірген аса ауыр нәубеттер бірінен соң бірі жалғасты. Соның бірі – 1921-1923 жылдардағы ашаршылық еді. Бұл ашаршылық – тек Қазақстанның 5 губерниясы мен 1 уезін ғана емес, кеңестік Ресей Федерациясының 30-дан астам губерниясын қамтыды. Әсіресе, Ресейдің Самара, Саратов, Поволжье, Оңтүстік Украина, Қырым, Башқұртстан, Приуралье және Батыс Сібір аймақтары ашаршылықтан қатты зардап шекті. Ашаршылық жайлаған осы 35 губернияны мекендеген 90 миллион халықтың 33 миллионы (ресми мәліметтерде 22 558 550 адам) аштықтың ауыр зардабын тартса, оның 5 миллионнан астамы алапат аштықтың құрбаны болды. Бірақ, бүгінгі таңға дейін 1921-1923 жылдардағы ашаршылық пен оның салдарынан

өрши түскен жұқпалы аурулар және індеттерден қайтыс болған адамдардың санын нақты анықтаған бірде-бір зерттеу жұмысы жоқ.

Ашаршылық шырқау шегіне жеткен 1922 жылдың қыс-көктем айларында 3 млн-ға жуық адам аштық құрсауында қалды. 1 млн-ға тарта бала қараусыз қалды.

Бүгін қолыңызға ұстап отырған 2 томдық құжаттар мен материалдар жинағы – тікелей осы тарихи әділеттілікті қалыпқа келтіруге бағытталған. 2021 жылдың соңында даяр болғанымен, қаржы жоқтығына байланысты біраз уақыт баспада жатып қалған кітабымыз қазақтың біртуар азаматы, мәшһүр меценат Ғани Смаханұлы деген бауырымыздың қолдауымен жарыққа шықты.

Сәбит Шілдебайдың facebook парақшасынан  
ҚР Орталық Мемлекеттік архиві директоры  
<https://www.facebook.com/cgark.kz>

## АРХИВТІК АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАР ЖИНАҒЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

---



14 желтоқсан күні Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалар архивінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Архивтік аудиовизуалды құжаттар жинақтары жарияланымдарының мәдени және ғылыми маңызы» дөңгелек үстелі өтті.

Іс-шара барысында архив басып шығарған «Қазақтелефильм» киностудиясының 1963-1994 жылдар аралығын қамтитын деректі фильмдердің аннотацияланған каталогы және «Жеке тектік қорлардан алынған фотоқұжаттардың жолсілтемесі» таныстырылады.

Қазақ және орыс тілдерінде жасалған кинокаталогқа студия түсірген мыңға жуық хроникалды-деректі фильмдер, концерттік бағдарламалардың кинотаспалары, басқа да сирек кездесетін хроникалық киноқұжаттар енгізілген.

Дөңгелек үстел барысында ОМ КФҚДЖ А директоры Ж. Омаров, басылым авторы, архивтің бас сарапшысы Л. Ақтаева, Президент архиві директорының орынбасары К. Әлімғазин, тарих ғылымдарының докторы М. Әбусейітова, ақын және кинорежиссер Б. Қайырбеков, тележурналист Н. Шаяхметов, «Қазақтелефильм» ардагері, кинорежиссер Қ. Омаров және т. б. сөз сөйледі. Олар архив қызметкерлерінің еңбегін атап өтіп, анықтамалық басылымдардың ғылыми және мәдени-тарихи маңыздылығына тоқталды. Қонақтар назарына ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған шағын бейнеролик көрсетіліп, архив фойесінде аудиовизуалды құжаттар қойылған көрме ұсынылды.

<http://www.kfdz.kz/Content.php?id=182&stat=ajax&set=News>

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ АРХИВАРИУСТАРЫНА  
СЕРТИФИКАТТАР ТАБЫС ЕТІЛДІ



2022 жылдың 26 наурызында Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің жанынан құрылған Мемлекеттік және ведомстволық архив қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығында «Мекемеде құжаттармен жұмысты және архив жұмысын ұйымдастыру» тақырыбы бойынша үш күндік оқу курсын тәмамдаған түлектерге сертификат табыстау рәсімі болып өтті.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш пен ҚР Ұлттық архивінің директоры Сағила Нұрланова қатысып, курстан өткен архившілерге сертификаттарын табыс етті.

Оқу курсында архив ісі саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, ұйымның істер номенклатурасын жасау, құрастыру және жүргізу әдістемесі, құжаттаманың құндылығына сараптама жүргізу (құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу, практика), архивтегі заманауи ақпараттық технологиялар сияқты бірқатар тақырыптар бойынша білікті мамандар дәріс оқып, біліктілікті арттыру дәрістерінде алынған материалды бекіту мақсатында іскерлік ойындар ұйымдастырылды, сонымен қатар архив ісінің негізгі бағыттары бойынша бейнефильм көрсетілді.

Оқу курсына еліміздің түкпір-түкпіріндегі, атап айтар болсақ, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Кереку, Қызылжар, Семей, Талдықорған, Тараз, Өскемен, Шымкент, Түркістан, Арытау, Орал, Ақтөбе қалаларындағы Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс жүргізу мамандары мен архивариустары қатысты.

Тәлімгерлердің айтуы бойынша мұндай оқу курстары түрлі мекемелердегі архивариустарға ауадай қажет. Себебі осы үш күндік семинар барысында олар өздерінің күнделікті жұмысына қажетті барлық ақпараттарды алып, іс жүргізудің қыр-сырын меңгеріп шығады.

<https://www.ulttykarhiv.kz/12961/>

КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ СЕЙІТҚАЛИ МЕҢДЕШЕВТІҢ 140 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА «СЕЙІТҚАЛИ МЕҢДЕШЕВ. ҚҰЖАТТАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ» АТТЫ КІТАП ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ



2022 жылдың 29 наурызында сағат 11:00-де ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен «Ғылым Ордасы», ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» РММ бірлесе отырып көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, автономиялы Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы, Кеңес дәуіріндегі қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосқан бірегей тұлға, қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіру жолында және кеңестік билік органдарын жергіліктендіру жолында, 1921-1922 жылдардағы аштыққа қарсы күресті ұйымдастыруға, қазақ ағарту және ғылым салаларының негізін қалауға ерен еңбек сіңірген қайраткер Сейітқали Меңдешевтің 140 жылдық мерейтойын атап өту аясында «Сейітқали Меңдешев. Құжаттары мен материалдар жинағы» атты кітаптың тұсаукесерін офлайн және онлайн аралас түрінде өткізді.

Іс-шараның мақсаты – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сейітқали Меңдешевтің тарихи тұлғасы, оның қазақ халқына сіңірген қызметі арқылы тарихтың ақтаңдақ беттерін ашу, отандық тарихи тұлғатану ғылымына үлес қосу, өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеу, Алаш қайраткерлерін еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш ету болып табылады.

Жинаққа Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының архивтерінен анықталған С. Меңдешевтің құжаттары мен сөйлеген сөздері, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары тұңғыш рет жиналып енгізілген.

<https://www.facebook.com/cgark.kz>

## Құрметті әріптестер!

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресімен бірге «Арhiv habarşysy» ғылыми-көпшілік, ақпараттық- әдістемелік журналын 2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығарады.

Журналда тарих методологиясы, тарихнама және деректану, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, өлкетану, тұлғатану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, архив деректері, сонымен қатар, танымдық, ағартушылық, ақпараттық бағыттағы шолулар, мақалалар мен пікірлер жарияланады.

Редакция қолжазбалаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтінге жазылған жеріне қойылады. Мақала мәтіні ХҒТАР-нан басталуы керек (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы мына сілтеме арқылы анықталады <http://grnti.ru/>)

**Автор/авторлар туралы ақпарат** (*әр жолы жаңа жолдан*):

- Автордың/авторлардың аты, әкесінің аты, тегі
- Ұйым атауы, қаласы, елі
- E-mail

**Мақаланың тақырыбы 10 сөзден аспауы керек:**

- қалың қаріп
- бас әріптермен, ортасынан

**Аннотация (200-300 сөз).** Аннотация мәтінінде абзац, дәйексөздер, аббревиатура болмауы керек. Аннотацияда көлемді формула, мақала тақырыбын қайталау, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтеме болмауы тиіс. Мақаланың ерекшеліктері мен құрылымын сақтай отырып, қысқаша мазмұны беріледі. Фрагменттерді курсивпен жазуға, астын сызуға және т.б. болмайды.

**Кілт сөздер (10-12 сөз)**

Кілт сөздер 12 сөзден аспайтын жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де тұруы мүмкін. Оларды курсивпен немесе қалың қаріппен жазуға болмайды.

**Мақаланың құрылымы:**

- Кіріспе
- Әдістер мен әдістеме
- Талқылау
- Нәтижесі (мақаланың негізгі бөлігі)
- Қорытынды

• алғыс (егер жұмыс грант бойынша дайындалған болса немесе осы мақаланың шығуына үлес қосқан, бірақ оның авторлары болып табылмайтын әріптестердің еңбегін көрсету қажет болса қосуға болады);

• әдебиет – референс. Әдебиеттер тізімінде соңғы бес жылда жарияланған мақалалар қамтылуы керек.

Қолжазбалар электронды форматта қабылданады. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, график, диаграмма және т.б.) мәтіннің ішінде орналастырылады.

Мәтін Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі – 14 кегль, жоларалық интервал – бір, жиектері (барлығы) – 2 см, абзац шегінісі – 1 см, мақалалар мен архив құжаттарының мәтіндерінің стандартты көлемі 50 000 таңбаға дейін (метадеректер мен әдебиеттер тізімін есепке алмағанда 14-16 бет), ақпараттық материалдар, оның ішінде шолулар мен сыни пікірлер – 1000-3000 сөз

Дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін тік жақшада дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып беріледі, мысалы [1, л. 25].

Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінен кейін орналастырылады. Ресурстың электрондық мекенжайын ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Мысалы: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Электронды кітаптарға, журналдарға, газеттерге және т.б. сілтемелер дәл осылай ресімделеді.

### **Кестелер мен графикалық ақпаратқа қойылатын талаптар**

Егер ғылыми мақалаға кестелер мен графикалық ақпараттар (сызбалар, суреттер, фотосуреттер) қоса берілсе, онда олар электронды журналдың талаптарына сәйкес ресімделуі керек.

Кестелер тікелей мақала мәтініне енгізіліп, нөмірленуі және мақала мәтінінде оларға сілтеме болуы керек. Суреттер, графикалар стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттерді 600 dpi тұнықтықпен орындау қажет. Суреттерде барлық бөлшектер анық көрсетілуі керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

Мақала мәтінінде тек сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөздер ретімен немесе ағылшын алфавиті бойынша нөмірленген) ғана болуы керек. Нәтижелері дәлелдемеге пайдаланылған, бірақ жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жіберілмейді. Қолжазбаларды жариялау үшін авторлардан ақы алынбайды.

Әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтерді (мақала атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, автор(лар)дың электрондық пошталары), сонымен қатар, аннотация мен кілт сөздерді орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылса) көрсету қажет.

Содан кейін библиографияның ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі беріледі. Транслитерация <http://translit-online.ru/> онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл онлайн платформа қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Авторлар бұл жерде қазақша мәтінді транслитерациядан кейін келесі ережелерге сәйкес түзетулер енгізуі керек:

*ә г ң ө ү Ұ қ і*

*а г н о у Ү к я*

Егер дереккөздің ресми аудармасы болса және ағылшын тілінде жарияланған болса, онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөлігінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аудармасын көрсету қажет.

Мақала қолжазбалары қайтарылмайды және оған пікір білдірілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауап береді.

**Редакцияның мекен-жайы:** «Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві» ММ, Қазақстан, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Әуезов к-сі, 3, Телефоны: 8-7172-249033 (119, 120); E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz)

## Уважаемые коллеги!

Государственный архив города Нур-Султан совместно с Национальным конгрессом историков Казахстана с 2021 ежеквартально выпускает научно-популярный и информационно-методический журнал «Arhiv habarşysy».

В журнале публикуются научные статьи, исследование, архивные документы по вопросам методологии истории, историографии и источниковедения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, краеведения, персонализма, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста. Текст статьи должен начинаться с МР-НТИ (Межгосударственный рубрикатор научно-технической информации; определяется по ссылке <http://grnti.ru/>)

**Информация об авторе/авторах** (каждый раз с новой строки):

- Имя, отчество, фамилия автора/авторов
- Название организации, город, страна
- E-mail

**Название статьи не должно содержать более 10 слов:**

- шрифт полужирный
- расположение по центру страницы

**Аннотация (200-300 слов).** В тексте аннотации не должно быть абзацев, цитирования, аббревиатур. Аннотация не содержит громоздких формул, не повторяет название статьи, не содержит ссылок на текст работы и список литературы. Аннотация дает краткое содержание статьи, отражая ее особенности и сохраняя структуру статьи. Не допускается выделение фрагментов курсивом, подчеркиванием и т.д.

**Ключевые слова (10-12 слов)**

Ключевые слова могут состоять как из отдельных слов, так и из словосочетаний, в любом случае не превышая 12 слов. Выделять их курсивом или жирным шрифтом нельзя.

**Структура статьи:**

- Введение
- Методы и методология
- Обсуждение
- Результаты (основная часть статьи)
- Заключение

• благодарности (этот раздел включают, если работа подготовлена в рамках гранта или есть необходимость отметить коллег, которые содействовали появлению данной статьи, но ее соавторами не являются);

• литература – референс. **Список литературы должен включать статьи, опубликованные за последние пять лет.**

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста.

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта – 14 кеглей, межстрочный интервал-одинарный, поля (всего) - 2 см, абзацный отступ-1 см., стандартный объем статей и тексты архивных документов до 50000 знаков с пробелами (14-16 страницы без учета мета-данных и списка литературы); информационные материалы, в том числе обзоры и рецензий – 1000-3000 слов

---

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, л. 25].

Список литературы размещается после текста статьи. Допускается указание только электронного адреса ресурса. Пример: URL: [http:// adilet.zan.kz / rus / docs / K1500000377](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377) Дата обращения:

Аналогично оформляются ссылки на электронные книги, журналы, газеты и т.д.

### **Требования к таблицам и графической информации**

Если научная статья сопровождается таблицами и графической информацией (диаграммами, рисунками, фотографиями), то оформлять их также необходимо в соответствии с требованиями электронного журнала.

Таблицы должны быть включены непосредственно в текст статьи, должны быть пронумерованы и сопровождаться ссылкой на них в тексте статьи. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Точечные рисунки следует выполнять с разрешением 600 dpi. На чертежах должны быть четко представлены все детали.

### **Список литературы**

Ссылка должна содержать только те источники (пронумерованные в порядке цитирования или в английском алфавитном порядке), на которые есть ссылки в тексте статьи. Ссылки на неопубликованные работы, результаты которых используются в доказательствах, не принимаются. Авторам рекомендуется исключить ссылки на страницы и следовать следующему шаблону: номер главы, номер абзаца и т. д. В противном случае при подготовке английской версии статьи могут возникнуть неверные ссылки.

После списка литературы необходимо указать библиографические данные (название статьи, ФИО автора (авторов), полное название организации, город, страна, адрес электронной почты автора(ов)), а также привести аннотации и ключевые слова на русском и английском языках (если статья написана на казахском языке), на казахском и английском языках (если статья написана на русском языке), на русском и казахском языках (если статья написана на английском языке).

Затем предоставляется комбинация английской и транслитерированной частей списка литературы. Транслитерация осуществляется с использованием онлайн-платформы <http://translit-online.ru/>. Эта онлайн-платформа не транслитерирует специфические буквы казахского алфавита. Авторам следует внести здесь исправления после транслитерации казахского текста в соответствии со следующими правилами:

*ә г ң ө ү Ұ қ і*

*а г н о у Ү к я*

Если источник имеет официальный перевод и был опубликован на английском языке, официальный перевод на английский язык должен быть указан в сочетании английской и транслитерированной частей ссылок.

Плата за публикацию рукописей не взимается с авторов. Рукописи статьи не возвращаются и не комментируются. За содержание статьи отвечает автор.

**Адрес редакции:** ГУ «Государственный архив города Нур-Султан», Казахстан, 010000, г. Нур-Султан, ул. Ауэзова, 3, Телефон: 8-7172-249033 (119, 120); E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz)

---

## Dear colleagues!

The State Archive of the city of Nur-Sultan with the Kazakhstan National historians' congress begins to publish a popular scientific and information-methodical journal «Bulletin of the Archive. Nur-Sultan».

The journal publishes scientific articles, archival data on the methodology of history, historiography and source studies, the history and practice of archival affairs, local history, personalism, as well as reviews and comments of cognitive, educational and informational orientation.

The editorial board accepts manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text. The text of the article should begin with IRSTI (International rubricator of scientific and technical information; determined by the link <http://grnti.ru/>)

**Information about the author / authors** (*each time on a new line*):

- Name, patronymic, surname of the author/authors
- Organization name, city, country
- E-mail

**The title of the article should not contain more than 10 words:**

- font bold
- location in the center of the page

**Abstract** (200-300 words). The text of the abstract should not contain paragraphs, citations, abbreviations. The abstract does not contain cumbersome formulas, does not repeat the title of the article, contains links to the text of the work and the list of references. The abstract gives a brief summary of the article, reflecting its features and maintaining the structure of the article. Selection of fragments in italics, underlining, etc. is not allowed.

**Keywords** (10-12 words)

Key words can consist of both individual words and phrases, in any case not exceeding 12 words. They cannot be italicized or bold.

**Article structure:**

- Introduction;
- Methods and methodology
- Discussion
- Results (main part of the article)
- Conclusion
- gratitude (this section is included if the work was prepared under a grant or there is a need to acknowledge colleagues who contributed to the appearance of this article, but are not its co-authors);
- literature - reference. References should include articles published in the last five years.

The editors accept manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, charts, etc.) are placed inside the text.

The text is typed in Times New Roman, font size is 14 pt, line spacing is single, margins (total) are 2 cm, paragraph indentation is 1 cm, the standard volume of articles and texts of archival documents is up to 50,000 characters with spaces (14-16 pages without taking into account metadata and list of references); information materials, including reviews and reviews - 1000-3000 words

References to the sources used are given after the quote in square brackets, indicating the ordinal number of the source of the quote and the page, for example [1, l. 25].

The list of references is placed after the text of the article. Only the e-mail address of the resource is allowed. Example:

---

URL:<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> Accessed:

Links to e-books, magazines, newspapers, etc. are formatted in the same way.

### **Requirements for tables and graphic information**

If a scientific article is accompanied by tables and graphic information (diagrams, figures, photographs), then they must also be formatted in accordance with the requirements of the electronic journal.

Tables should be included directly in the text of the article, should be numbered and accompanied by a link to them in the text of the article. Figures, graphics must be submitted in one of the standard formats: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Bitmaps should be done at 600 dpi. The drawings must clearly show all the details.

### **Bibliography**

The reference should contain only those sources (numbered in citation order or in English alphabetical order) that are referenced in the text of the article. References to unpublished works whose results are used in proofs are not accepted. Authors are advised to exclude page references and follow the following pattern: chapter number, paragraph number, etc. Otherwise, incorrect references may occur when preparing the English version of the article.

After the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data (title of the article, full name of the author (authors), full name of the organization, city, country, e-mail address of the author (s), as well as annotations and keywords) in Russian and English (if the article is written in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is written in Russian), in Russian and Kazakh (if the article is written in English).

Then a combination of the English and transliterated parts of the bibliography is provided. Transliteration is carried out using the online platform <http://translit-online.ru/>. This online platform does not transliterate specific letters of the Kazakh alphabet. Authors should make corrections here after transliterating the Kazakh text in accordance with the following rules:

ә з ң ө ү Ұ қ і

а з н о у Ү к я

If the source has an official translation and has been published in English, the official English translation must be given in a combination of the English and transliterated parts of the references.

The authors are not charged for the publication of the manuscripts.

The manuscripts of the article are not returned and are not commented on. The author is responsible for the content of the article.

**Editorial office address:** *State Archive of the city of Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Auezov str., 3, Phone: 8-7172-249033 (119, 120); E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz)*

Журнал Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген  
тіркеу № KZ04VPY00027990

Біздің мекен-жайымыз:  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz

1920-30 жылдары азық-түлік, өндіріс тауарлары атқа, өгізге жегілген арбалармен, кейде тіпті түйелермен тасымалданған. 1930 жылдары Ақмолада темір жол құрылысы қарқынды түрде жүргізіле бастағанда, құрылыс материалдарын, өндіріс тауарларын таситын автоколонналар пайда болды. Сөйтіп, бірте-бірте жылқылар мен өгіздерді, автомобиль, трактор, поезд алмастырды.



1930 жылдары Ақмолаға нан тасушылар. Нұр-Сұлтан қ. мемлекеттік архиві қорынан

